

# П И О Н Е Р




ДЕКАБРЬ

1947 ЖЫЛ

№ 12

РЕСПУБЛИКАЛЫК ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ



Янка КУПАЛА

### КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Конституция күні — дәл бүгін,  
Шаттанған халық ұлы күн,  
Шырмалған бұрын аш халық,  
Адастырған қара түн,  
Ерікті қожа ол бүгін.

Күледі күндей адамдар,  
Күн хұрметті қонағы,  
Еш оралмас өткен күн,  
Ауыр түс, тұрмыс баяғы...  
Бақытты сіздер, адамдар.

Жер жарады даңқымыз,  
Кең дала гулеп оянған,  
Еліне Совет сәулесін  
Аямай шашты алтын таң,  
Шарықта, күшей даңқымыз!

Өмір бейне ертегі —  
Ғажайып, бақша, рахат,  
Елінің еркін еркесі.

Мәз-майрам шат жас пен қарт,  
Шынға айналды ертегі.

Куллі оркестр, күй шалқыт,  
Баста әнді, еркін қыз!  
Жарлылық, жоқтық торынан  
Кұтылды мәңгі өлкеміз.  
Шырқа әнді, күй шалқыт:

Дана Ленин, Сталин  
Әперді теңдік халыққа,  
Күндей жарық жол ашты.  
Еңбек ет, оқы, шарықта  
Үйреткендей Ленин, Сталин.

Конституция күні — дәл бүгін —  
Шаттанған халық ұлы күн,  
Шырмалған бұрын аш халық,  
Адастырған қара түн,  
Ерікті қожа ол бүгін.

Аударған Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ



# СТАЛИНДІК КОНСТИТУЦИЯ

Бұл ұмытылмас тарихи күн — 1936 жылдың 5 декабрі еді. Бұл күні Советтердің Бүкілодақтық Төтенше 8 съезінің делегаттары Советтік Социалистік Республикалар Одағының Конституциясын — Негізгі Заңды бекіту үшін қол көтерді. Кремльдің үлкен Сарайының кең залында салтанатты жайда Отанымыз халықтарының достығының, бақытының алтын заңы қабылданды. Халық бұл Конституцияны оны жасаушы біздің сүйікті көсемдеріміздің есімімен Сталиндік Конституция деп атады.

Сталиндік Конституцияда ССРО азаматтарының ұлы праволары мен міндеттері жазылған. Біздің елімізде социализм орнады. Социализм ата-бабаларымыздың еркін еңбекті аңсаған ұлы арманын жүзеге асырды. Еңбек біздің елімізде атак, аброй әперетін іске айналды. Еңбекші адамды біз зор құрметпен, қадір тұтамыз. Өйткені, «әрбір азаматтың қоғамдағы орнын әл-ауқаты, азаматтың ұлт-тегі, жынысы, қызмет жағдайы белгілемейді, өз басының қабілеттілігі мен өз басының еңбегі белгілейді» (Сталин).

Сталиндік Конституция бойынша әрбір еңбекші демократияға қол жеткізуге құқылы. Жер жүзінде әшбір елде еңбекшілердің демократияға қол жеткізуге құқылы — мемлекеттік мәңгілік іс деп табылмайды. Социализм жеңген совет елінде ғана еңбекші халыққа нағыз демократиялық жасалған. Совет үкіметі жұмысшылардың денсаулығын көздің қарашығындай сақтайды. Социалистік мемлекетіміз жыл сайын еңбекшілердің демократияға қол жеткізуге құқылы миллиондаған сом ақша жұмсайды.

Сталиндік Конституция бойынша совет елінде әрбір еңбекші білім алуға толық құқылы. Барлық мектептердің, оқу орындарының есігі кімге болса да ашық.

Ұлы Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бірде-бір бастауыш мектеп жоқ еді. Ал, қазір Қазақстанда 7740 мектеп, 24 жоғарғы дәрежелі оқу орны, 59 ауыл шаруашылық мектебі, 102 техникум бар. Бұл мектептер мен оқу орындарында жүз мыңдаған жастар оқиды.

Сталиндік Конституция — жер жүзіндегі нағыз демократияның конституциясы. Ол демократия бостандығын өз жүйесінде емес, іс жүзінде жүзеге асырып отыр.




Алматы қаласындағы 12 санды мұз балалар мектебінің 7-класс оқушы-қыздары Конституция сабағында отыр. Суретті түсірген П. Релько

ОБЯЗАТЕЛЬНО ЧИТАТЬ

Біздің Конституциямыздай конституция басқа елдердің еш қайсысында жоқ. Капиталистік елдерде сайлауға еңбекшілер тегіс қатыса алмайды. Мысалы, Луизиана штаты (АҚШ) конституциясының 8 статьясы бойынша негрлер ағылшынша оқып, жаза білсе, «мінезі жақсы» болса, конституцияның әр статьясына «дұрыс түсінік» бере алатын болса ғана сайлауға қатыса алады. Әрине, мұндай жағдайда негрлердің сайлауға қатыса алмайтындығы өзінен-өзі-ақ белгілі. Негр ағылшынша оқып, жаза білгенмен де, мінезінің жақсы екендігін қалай дәлелдемек.

Біздің елімізде өкмет халық алдында есен беріп отырады. Егер депутат халық сенімін ақтамаса, халық оны кері шақырып алуға да ерікті. Ал, капиталистік елдерде олай емес. Мысалы, Англия парламенті екі палатадан тұрады. Оның бірі лордтар палатасы, екіншісі бұқара палатасы деп аталады. Лордтар палатасының мәжілісіне тек герцогтар, графтар, мырзалар ғана қатысады. Оларды палатаға мүше етіп халық сайламайды. Олар бұл палата мәжілісіне арғы ата-бабаларының мيرасқорлары ретінде қатысады, халық алдында ешқандай жауапты емес.

Капиталистік елдерде халық пен өкмет екеуі де екі басқа, демек бірінші-бірімен байланысы жоқ, бірін-бірі адал ниетпен қолдамайды. Советтер Одағында халық пен өкмет бір тұтас тұлға. Біздің елде өкмет билігі халық қолында, халық сайлаған еңбекшілер депутаттары Советтерінің қолында.



Сталиндің Конституция туы астында өмір сүргенімізге он бір жыл толды. Бұл уақыттың ішінде Сталиндің Конституцияның нағыз әділ, нағыз демократияшыл заң екендігіне, халықтардың достығы мен бақытының алтын заңы екендігіне совет халқының көзі әбден жетті.

Еліміздің күш-қуаты бұрынғысынан да артып, шаруашылығы көркейіп, мәдениеті гүлденді. Совет елі бұл жылдар ішінде неміс басыншыларға қарсы соғыстың қиың ауырғашылығын басынан кешірді. Соғыс совет стройына сын болды. Ол бұл сынта атак-аброймен төтен берді, қоғамдық стройдың ең тамаша түрі екенін танытты.

Бізден бұрында талай ақынры қатарлы адамдар бақытты өмірді арман еткен, бақытты өмірге жететін жолды іздеген. Бақытқа адам баласының қолын жеткізетін тура жолды ашқан еңбекші халықтардың ұлы көсемдері Маркс, Энгельс, Ленин және Сталин. Біздің Отанымыз сол жолмен, ұлы Сталин өкеміздің жолбасшылығымен бақыт шыңы—коммунизмге қарай алға басуда.

Бізден бұрында талай ақынры қатарлы адамдар бақытты өмірді арман еткен, бақытты өмірге жететін жолды іздеген. Бақытқа адам баласының қолын жеткізетін тура жолды ашқан еңбекші халықтардың ұлы көсемдері Маркс, Энгельс, Ленин және Сталин. Біздің Отанымыз сол жолмен, ұлы Сталин өкеміздің жолбасшылығымен бақыт шыңы—коммунизмге қарай алға басуда.

Қазір бүкіл совет елінде еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерін сайлау науқанына дайындық қызу жүріп жатыр. Бұл сайлау социалистік тарихи ұлы жеңістерінің, Сталиндің Конституцияның ұлы салтанатының тағы да бір айқын көрінісі болмақ.

## А Л Т Ы Н З А Н

Шат өмір, біздің елде, бізде ғана,  
Біз өстік, бізді өсірді мектеп—ана.  
Ерекше өзге күннен бүгінгі күн —  
Бөленген біздің мектеп тамашаға.

Көрсетіп балаларға хұрметті сый  
Ән шырқап, әсем билеп, тартылып күй,  
Бар шаттық бір арнаға құйып жатты,  
Дегендей ұлы Сталин атамды сүй.

Ән, жырдың ақтарылып казнасы,  
Аспанда ұшқан күспен қанаттасты,  
Мектепте бөбектердің жүрегінен  
Қуаныш тау суындай шалқып тасты.

Арналған хұрметіне ұлы тойдың  
Бөбектер алуан түрлі көрсетті ойын:

Кей кезде сымдай нәзік буратылып,  
Болаттай кейде қынап ұстап бойын.  
Бір кезде екі айырган қара шашын,  
Ән айтты он төрт жасар шығып Қасым.  
Ал қызыл мойынындағы галстугі  
Көрнекті көрсетіп тұр көркін басым.  
Жазылып Сталиндік негізгі заң,  
Мәңгілік болып атты бір жарық таң.  
Сол таңның шұғыласында орындалды  
Ертеден ел көксеген ұлы арман.  
Әне той, әне думан елімізде,  
Мінеки жас талапкер өнер бізде,  
Жасаған бақытты өмір балаларға,  
Сталин көп рахмет өкемізге!

Ж. АХМЕТОВ

Алматы, 18—ер балалар мектебі.

4162303

## ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛАУЛЫ ҰЛЫ

(С. М. Кировтың жау қолынан қаза тапқанына 13 жыл).

Сергей Миронович Киров жайында әңгіме естігенде, ол адамның асылы той, тап Сергей Мироновичтей болсам екен, деп арман етесің. Расында С. М. Кировтың өмірі ұлы адамның сәулетті бейнесін көз алдына елестетеді. Оның барлық істеген істері мен қызметі совет халқының бақытына арналған. Біз С. М. Кировтың жүректен жақсы көреміз, халқымызға Кировша еңбек сіңіруге ұмтыламыз. Біз С. М. Кировтың ұлы істерін мадақтап, атын артақтаймыз.

Сергей Миронович 1921 жылы Азербайжанға жіберілді. Бұл өлке оны бұдан бұрын да жақсы білетін еді. Өйткені, Октябрь революциясына дейін де С. М. Киров Закавказьядағы большевиктер ұйымында жұмыс жүргізіп, мұнда совет өкметін орнату үшін жан-тәнімен күрескен революция жауынгері болды. Ол, 1920 жылы қолына қару ұстап, совет өкметі үшін күресушілердің ең алдығы сапына тұрып Бакулы ақбандалардан азат етісті.

С. М. Киров Азербайжан коммунист (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінің секретарлығына сайланды. Ол Баку мұнай өндірістерін қалпына келтіру ісін қызу қолға алды. С. М. Кировтың еңбек табылын қаққан жалынды дауысы, бұрынғылар мен мұнай құюлы цистерналар жаңында, мұнай тазартатын заводтардың ішінде, жұмысшылар поселкаларында үздіксіз саңқылдап естілетін еді.

Ол жұмысшылармен әңгіме-дүкен құрып, кеңесін атырды. Алдағы жаңа жұмыстың мәл-жайын терең зерттеді. Тапқан табыстың есептерін, қортындыларын шығарып, оларды тәжірибе жүзінде де салғастырды. Ол мұнайшыларды алға бастады. Ол үнемі халық арасында болды. Сергей Миронович аршындап алға басар жолындағы кедергілерді батыл жеңіп жүрді.

Ленин — Сталин партиясының ғылымымен жете қаруланған С. М. Киров, мұнай өндірісіндегі ауа жайылушыларды, керенауларды аямай әшкереледі. Олардың орнына жас коммунистерді қойды. Халық жаулары Кировтың аллауға көнбейтінін тайға таңба басқандай түсінді. Большевиктердің мызғымас берік екенін сөзді.

1925 жылы С. М. Киров Ленинград большевиктеріне басшылық етуге жіберілді. Мұнда Сталиндік бесжылдық жоспар бойынша алып құрылыстың жұмыстары жүргізіліп жатқан кез еді. Киров енді осыған көп араласты. Ол құрылыс жұмысын бастаумен тынбады. Темір жолдарды тәртіпке келтіруге үлкен зер қойды. Ол, Ленин қаласын сумен қамтамасыз ету ісін де өз қолына алды. Көк мұз боп қатып қалған каналдарды, көлдерді халық күшіне бас ұрғызды. Кемелердің жүруіне жол ашты. Жүк түсіру, жүк арту ісін де жеңілдетті. Ленинград облысының қай жерінде қандай жұмыс жоспарланса, оның басшысында Кировтың өзі жүрді. Ол Тундра мен Мұз мұхитына дейін барды. Геологтар мен балықшыларға да ақыл айтып, жөн-жоба нұсқалы. Ол



өте кішіпейіл, жұмысқа асқан шебер адам еді. Сергей Миронович мемлекет ісін еш қашан жалынан шығармайтын, көзінен таса қалдырмайтын еді.

С. М. Киров тек өзі басқарған облыстың ғана емес, бүкіл Советтер Одағының еңбекшілерінің қамын жетек еді.

Ол алыстағы Қазақстанға да келді. Егін жыйнап, мал бағып жүрген қазақ колхозшыларымен де кездесті. Олармен жұмыс басыпта бірге болды. Тұрмыстарымен танысты. Ауқатты тұрмысты қалай жасап, қалай өркендету жолдарын көрсетті.

Сергей Миронович Қарағандыға да барды. Қарағанды шахтерлерімен диларласып, оларға партиямыздың тапсырмасын ауызба-ауыз айтып берді.

С. М. Киров халық жауларын революцияның шындалған семсеріндей қырықты. Жұмысшы мен шаруа табының бақытын жоймақ болған, Советтер Одағында капиталистік қоғамды қайта орнатуды ниет еткен сұмдарды рахымсыз әшкереледі. Басшы орындарда отырып сөз жүзінде ант беріп, іс жүзінде совет өкметіне қарсы әрекеттер жүргізген троцкийшіл-зиновьевшіл сімілтіктерді партия, мемлекет қызметінен қуды.

Коммунист партиясының, совет халқының ардақты ұлына сұм жаулар қастық жасады. Оның жұмысшы табына істеген қызметін олар көре алмады, опасыз саптылған жау совет елінің ұлы азаматына мылтығын кезеді. 1934 жылы 1-декабрь күні Сергей Миронович Киров жау қолынан қаза тапты. С. М. Кировтың қаза табуы халқымызды дұшпанға бұрынғыдан да мейірімсіз болуға үйретті. Опасыздықпен атылған оқтан кейін, партиямыздың қатары бұрынғысынан да нығайып, ұлы көсеміміз Сталиннің төңірегіне топтала түсті. Шын жүректен Сергей Миронович сүйіп, барлық өмірін соның жолында құрбан еткен сүйікті партиямыз совет халқын ілгері, жаңа жеңістерге бастап келеді.



# АЛҒАШҚЫ СОНАРДА

Ә Н Г І М Е

С. БЕГАЛИН

Суреттерін жасаған Н. И. ЛЕБЕДЕВ.

Сабақ басталғалы біраз күн болды. Мал фермалары жайлаудан оралып, колхоз орталығына келген. Сәтжандардың ауылы да қысқы қораларына қонды, жылы үйге кірді. Оқу басталғалы Сәтжан құсын\* далаға алып шыққан жоқ. Бір нәрсені күнттағанда, Сәтжан соған біржолата беріле істейтін. Ол оқу басталғаннан бері де сол әдетін істеп, сабағына зейін салып, құсына көңіл бөлген жоқ. Тек жемін беріп, бір мезгіл қолға алғаны болмаса, далаға алып шығып, анға ұшырып та көрген жоқ. Оған оның қолы да тимейтін. Ол мектепте отряд советінің мүшесі еді. Сабақ оқудан қолы босаса, пионерлер арасында жұмыс жүргізетін.

Жаздай бірі лагерьде, бірі саяхатта, бірі мал фермасында, бірі шөп пен егінде болған балалар жаңада рана бас қосты. Олар жаздайғы өздерінің көрген-білгенін айтысып, әлі әңгімелерін аяқтаған жоқ. Қалжыңбас Нариман алғаш сабақ басталған күні-ақ, Сәтжанға жаңа ат қойды. Оны «Саятшы Сәтжан» деп атады. Мұны басқа жолдастары да мақұлдап, Сәтжан лезде Саятшы Сәтжан атанып кетті.

— Ал, Саятшы, сен бізге тастан алған құсын мен таңбалы тастың жайынан әңгіме айт, — деп Нариман күнде бір айтып қояды.

Бір күні отряд вожатын:

— Ертең отряд жыйынында Сәтжанның өлке таңу жайынан быылғы жазда көрген-білгенін тыңдаймыз, — деді.

Сәтжан әдеттегі сөзге сараң мінезін істеп, ашып жауап қайтарған жоқ. Бірақ, ол вожатының айтқанын мақұлдағандай пішін білдірді...

Құсының егін қайырып Серікбай құсбегі анға шығуға дайындалғалы бірсыпыра уақыт болғанды. Ол алғашқы сонарды асығып күтуде.

Өздері күтетін бұзаулы сыйырлардың қорасына үйілетін шөпті тасып, қораны жылылап, сыйыр қыстату қамына ферма әйелдері тегіс жұмыла кіріскен кез еді. Мұндайда бел шешпей, жұмысқа аса зейілденіп кететін Зейне баласының бөртінде не істеп жүргенін оңша анғара қойған жоқ. Ол қар жауып қалмай, жұмысын бітіріп алу қамында еді.

Сәтжан үйге келгенде, апасы шөпке жүргелі жатыр екен. Сәтжан келісімен қағаз, кітаптарын қоя салып:

— Ана, шөпке маң барам, сіз үйдегі шаруаңызды істеміз, — деді.

\*) Бегалин жолдастың Сәтжан жайында жазған «Таңбалы таста», «Тырнақ алды» деген екі қысқа әңгімесі бұрын біздің журналымызда басылған. Ол әңгімелерімен оқушыларымыз таныс болулары тиіс. Оларда Сәтжан деген пионердің жас бұзау бағып жүріп, Таңбалы тас тауынан ителгінің балапанын ұстағандығы, оны үйрекке салғандығы айтылады. Жоғарыда автордың «құсы» деп отырғаны Сәтжанның сол ителгісі.

— Шаршайсың ғой, қарағым, — деп Зейне өзі баратынын айтқысы келіп еді:

— Жас мен шаршаймын, ал өзін ше? — деді баласы. Баласының бұл сөзіне Зейне қарсылық еткен жоқ. Жанайды ертіп Сәтжан шөпке кетті.

Түс ауа бере қарлы жаңбыр аралас жауып, әрі шөпті жөнді тиетпеді, әрі жолды ауырлатып, қалыңгері болдырып, олар қораға әрең жетті.

Жауыны мол, егін, шөбі қалың шыққан бұл жыл аса берекелі жыл еді. Бірақ, Зейнеге осы күзгі жауын аса ұнамай-ақ тұр. Жауын ашылмай, шөпті шөгіп, шаруаға зиян келтіруге айналып барады. Ал, енді қар көрінді. Шөп тасылып болған жоқ. Аяз боранда тасыған шөп берекелі болмайды. Шөбі күтімсіз орны жайсыз болса, бұзаулайтын сыйыр астына да, жемінен де жүдейді. Зейненің браздан бері ренжіп жүргені осы жағдайлар еді. Бірақ, Зейненің ол ренішін сергітіп жіберген Сәтжанның өткен жұмадан бергі қылығы болды. Ол және оның достары бірнеше күндей қораға тасылған шөпті түсірді. Шаруа қамына жаны ауыра ренжіп жүрген Зейне Сәтжанның қолқанат болғанына сүйсініп, жадырай бастады.

Зейненің шөп туралы реніші әбден айыққан күні бала мінезімен Сәтжан апасына еркеледі.

— Ана, аншы атам ертең сонар болады, түлкіге ертіп шығам деп отыр. Сіз рұхсат етсеңіз мен соған барам. Және құсымды қоянға аяқтандырам, — деп өзінің өте қуанған талабын айтты. Ылайсандана жауған қарды қуаныш етіп, сонар күткен баласының албырыт ойына ызалағандай боп, Зейне өзі-өзі әрең тоқтатып.

— Қарағым, атам апарса, бар, жолың болсын. Бірақ, сабағыңнан кешігіп қалушы болма, — деп Сәтжанның бетінен ісікеді. Сәтжан апасының рұхсатын алып, атасына жүгіріп кетті.

Түн ортасы ауа күн ашылды. Серікбай күткендей, қан сонар болып, қара жердің бетіне көпірген ақ көрпе қар төселді. Таң алдында сонаршылар атқа мінуге қамданды. Ителгісі де ала жүрмек болып, Сәтжан оны далаға алып шықты.

— Сәтжан қарағым, ителгіні апарып тұтырғына қондырып, байлап кел. Сәті болса екеумізге мына Саршегірдің де қызығы жетеді. Ителгінің бүркітке бөгет болатыны есінде болсын, ителгіні көрсе бүркіт анға ұшайды. Бүркіттің бар қорқатын құс ителгі ғой. Оны бұдан былай есінде ұста.

Атасының сөзін естісімен, ителгіні орнына қойып, Сәтжан қуанына мінді. Жаңа түскен ақша қардың ызғары, таң салқын өтімді еді. Күйіне келіп аңсырап отырған қанығы қыран ақша қардың ызғарына бойы шымырлап дүр-дүр сілкілді. Қыранның қанат-құйрығы жел үйірген шоқ кұроқтай судыр — судыр етті. Анға шыққанда, құсым шақырып дыбыс бермесін деп, үндемей жортатын әдетімен Серікбай Ақшатау биігіне беті.

не алып, жорта жөнелді. Кер қуаның тебіне қамшылап, Сәтжан да атасына ілесе жортты.

Алғашқы қардан кейін жалтырап ашылған айлы түн, жаңа түскен ақша қар, алыстан бұлдырап көрінген Ақшатау, осы көріністе өте әдемі еді. Қабақ түйген қараңғы түн құшағы емес, жер әлемін нұрға бөлегендей үлгідеп түскен тұңғыш қарға малынған Ақшатаудың қара жартасты, зеңгір қыялары аса әсем болып көрнеді.

Қарт құсбегі тұңғыш сонарға соншалық тойымсыз қомағайлықпен қарайды. Ол бала күнінен құмартып ұстаған жан серігінің серпінідей қыраның алпыс екі айламы түлкіге жібереді. Жан-тәнімен аң құмарлығына берілген көрі аңшы көңіл шөлін қандырады. Қыран құсты баптап, қыр тағысын алдырып, еліне олжа салады. Ол жаңа бесжылдықтың табыс қорына осы қыста қосатын үлесін осы бүгінгі сонардан бастайды. Айтылған серт, алынған міндет бар. Соны ақтаудың адымы осы жортуыл.

Көп жортқан ізшіл құсбегі Ақшатау түлкісінің түнде жортар өрістерін бұрын да сан шарлаған. Қайда жортады, қай қорымға шығып жатады, оған бәрі тайға таңба басқандай.

Күн шықпай қыяға шығып, үлкен қорынның басынан бүркітті ұстау керек. Қағушы баланы етекке қалдырып, қай жермен барады, қалай қағады, әлде із бар ма, оны қалай алады, міне соны ұғындыруы керек. Бұрын аң қуу әдісіне жаттықпаған жас бала, мүлт кетіп, қапы қалуыда ғажап емес. Серікбай осы ойларды қорытып келеді.

Тау алқымына келген жерде, бір өзектен өте бере, Серікбай атының басын тартып тұра қалды. Дыбыс шығармай ата қыймылып аңдып келе жатқан жас аңшы да қуанының басын іркіп тартып алды. Серікбай аттан түсіп, жердегі бір ізді қарап жіберіп, құсын жерге қондырып Сәтжанға ым қақты. Құсынан біраз жерге барып Сәтжанға Ақшатау биігінің бір теріс сайын көрсетті.

— Мынау жатқан анау өлкенің бойына жортып қайтқан түлкінің ізі, қазір ол сонау шатқалдың өңіндегі қорымға барып жатыр. Анау ағарған таң белгісі. Мен қазір мына мұрыншақ биіктің жалын қыялап, сонау қорымның басына шығам. Сол жерге барып құсты ұстаймын. Мен сол тұрғыға таянғанда, қуаныңа мін. Мынау ізбен жүріп отырып, сайды өрле. Қорымға таяна бере дабыл қақ. Сол кезде құстан көзінді алма, мен құсты жіберісімен, құс қай жерге түседі, соны аңды. Егер құс етекке келіп, түлкіге түссе, мен келгенше, қасына барма, — деп Серікбай, Сәтжанға құсбегі өнерінің бір алуан тосын сырын ұғындырды.

Тау биігіне өрлеп бара жатқан Серікбай Сәтжанға бұл сәтте ауылдағыдан әлде қайда өзгеріп кеткен сыяқтанды. «Белім, тізем» деп ауыр қозғалып, атқа әрең мінетін атасының жүріс-тұрысына көз ілеспейді. Аң қызығы жел бергендей, қол аяғы жерге тиер емес.

Сәтжан көзін алмай атаның қарасын қыядан күтті. Шығыстан қыланды таң да көтеріліп қалды. Тау қойнына тығылған түн қараңғылығы да біртіндеп ыдырап, Ақшатау қойнаулары әсем көріністерімен айқында-




ла түсті. «Ал, атыңа мін, мен де тұрғыға таяндым» дегендей Серікбай бір қыядан көрініс берді. Сәтжан да атасы айтқан жобамен ізді қуалай, қорымға қарай өрлеп келеді.

Сәтжан ізді қойып, қалың қорымның етегіне іліне дабыл қағып, үнсіз тұнып тұрған терең шатқалды селт еткізіп таң ұйқысынан оятып жіберді. Сәтжан дабылына ұшқандай, шыңның құзар басынан күйыла Саршегір де ойнап аспанға шыға келді. Сәтжан күйкылжый ұшқан қыранның қанат қағуын бағып, көзі аспанда.

Қыран зулап аққан бетімен қалың қорымның бұталы қойнауына қарай үніле күйылып келіп, жарық етті. Сол кезде Сәтжан да іле-шала қалың қойнауы көзімен тінтті. Күйылып келген қыраннан қаймыққандай, жалтыр қыяға беттеп шұбатыла жөнелген түлкіні көрді. Түйілген қыранға жекпе-жек келсен, кел, дегендей қызыл күрең тағы көлендеп қыя бетке қарай қулаш ұрып барады. Жарқ етіп аспанға екінші рет шыққан қанды көз қанат-құйрығын қомдап алып, қайта түйіліп түлкіге шаншыла келіп күйылды. Қашып кұтылмасын білген әдісқой түлкі керіле тұра қалды. Құйрығын қоқайтып, ыржақтай айбат шегіп тұрған түлкі көзін қан жауып тоятын көріп түйілген қыранды қаймықтырған жоқ. Қылшылдаран қайтпас батылдықпен жарқ етіп, қас қакқанша түлкімен ұмар-жұмар болды да қалды. Атасы айтқан ақылдың осы минутте қалай есінен шыққанын кім білсін, Сәтжан алдындағы қыя құзға қарамастан, екі тағы айқасқан майдан жерге қарай тұра шапты.

«Қар аппақ, түлкі қызыл, бүркіт қара», — деген Абай өлеңі осы сәтте Сәтжанның көз алдында жазылып, мені оқы деп тұрғандай еді.

Серікбай құсымен түлкінің майдандасқан жеріне Сәтжаннан бұрын жетті. Қуаның жолға тастап, жаяулап Сәтжан келгенде, күрең түлкіні алдына сулатып салып, атасы қыранына қызыл тартқызып отыр еді. Бір қарағанда-ақ кең атрапты түгел сүзіп шығатындай, Саршегір иесіне мақтана, алыоқа төкаббар бейнемен бір қарап қойды.



# ЖҰРЫШ КҮЮШЫ

(Теміртаудың атақты стахановшысы  
Алтынбек Дәрібаев туралы поэма)

Тайыр ЖАРОКОВ

Суреттерін жасаған А. ВОЕВОДИН.

Түркстанның қасындағы  
Шәуілдірдің ауданында,  
Жаз болса егіс басындағы  
Бір колхоздың аумағында  
Күн шағылысқан кетпеніне  
Дәрібай шал мұрап еді,  
Өкінбей тер төккеніне,  
Елге еңбегі ұнап еді.  
Далада егіс гүл найкалып,  
Бір жағында аппақ мақта —  
Көзге алыстан толқынданып  
Усайды ұлпа ақ бұлытқа,  
Көзді тартып ырғалуда  
Егін дәні-алтын тегі,  
Дәрібайдың жүр жанында  
Жас баласы Алтынбегі,  
Көмектесіп, күз сабағы  
Басталғанша мектебінің  
Еңбек етіп, күш салады,  
Ол өткізбей текке күнін,  
Атасына ол болысады  
Су күйысып мақтасына,  
Ағаш ала да қызығады,  
Ағаш егіп үй қасына.  
Ер майданда, ел еңбекте,  
Кез еді Отан соғысының,  
Жас болса да Алтынбек те  
Қамында елге болысудың.

## II.

Дәні құтты, алтын мұртты  
Орылуға піскенде егін,  
Шақырды аудан Алтынбекті,  
Қырманға енді түскенде егін,  
Жазыпты аудан, салып хатқа  
Алтынбектің атап атын:  
«Барасың, — деп, — бір заводқа  
Болат қорытып балқытатын,  
Сол заводта құрыш қорыту  
Үйренесің өнеріне,  
Машық қылад сені ол оқу, —  
Депті, — өндіріс өміріне».  
Сонда бала ойлай қалды,  
Бір қызарып, бір сұрланып...  
Тесе қарап, оттай жанды  
Қара көзі ұшқынданып!  
Майданға деп тілек қылсам,  
Әскерге алмас, толмай жасым,  
Жауға ажал қып болат күйсам, —  
Емес пе ерге қолғабысым!  
Деген ақыл түсіп кенет,  
Басқа ойға бір бурылтпай,  
Жігер оты кетті кернеп  
Бала бойын жұдырықтай.

Бүйрек сынды бетіне оның  
Серпіп жұқа қан жүгіріп,  
Билеп шаттық сезім өңін,  
— Барам! — деді күліп тұрып.

## III.

Дәрібай шал көк кетпенін  
Койып жерге мыйғынан,  
Маңдайынан сүртіп терін,  
Күліп тұрып мыйғынан:  
— Балам, жастай сапар шегіп  
Кеткеніне қыйналмаймын,  
Налымаймын, жасым төгіп,  
Бетіңнен қайт, дей-алмаймын.  
Балқытарлық көк болатты  
Құрыштайың қолың болсын,  
«Болаттан ұл оқ боратты»,  
Десін, — жаным, жолың болсын!  
Делідағы Алтынбегін  
Әкесі кеп беттен сүйді,  
Бала керіп көкірегін,  
Қоштасты да, басын иді.  
Қаршығадай қара бала  
Қош айтысып ата, анаға,  
Кетті мініп от арбаға,  
Дөңгелемін қалды дала.

## IV.

Свердлов қаласынан  
Қашық емес сонау қырда,  
Пешінен от алас ұрған  
Заводты тұр Ревда,  
Көкпен зәулім таласқандай,  
Сол заводтың мұржалары



Түтін атса, бұлт қашқандай  
Күшті отынан нұр жанады,  
Бұл зәулім үй не заманнан  
Аты шыққан құрыш қортып,  
Жүр Алтынбек жаңа барған  
Металл тілін осында оқып,  
Көмейінен жалын атқан,  
Аузын ашса мартен пеші,  
Қара судан тез қайнатқан  
Көк құрышты оның күші!  
Алып пештің ыстық лебі  
Көмейіне бір-ақ тартып  
Алғандай-ақ жанды тегі,  
Жалыны тұр бетті шарпып!  
Ашып қалса пештің аузын,  
Алғашқы кез оттан шошып,  
От жұтардай тартып өзін  
Жүрді Алтынбек баста шошып.  
Попов мастер үйреткен соң,  
Бауыр басып бара-бара,  
Әлде неше күн өткен соң  
Уқты әдісін қара бала,  
Енді пештің алдын аршып  
Жас Алтынбек бала батыр,  
Аққан селдей терге малшып  
Құрышты өне қарап жатыр,  
Көрсен қазір Алтынбекті,  
Қолына ұстап темір күрек,  
Қыйыршық тас магнитті  
Пешке тастап жүр тез күрес,  
Попов мастер алпыс жаста, —  
Отыз жылдай болат күйған,  
Болат тілін білген ұста,  
Бұл завод пен бірге туған.  
Попов туған әкесіндей  
Үйретті ылғай Алтынбекті,  
Қояр ма алғыр жас түсінбей,  
Уқты Алтынбек ұлы еңбекті,  
Болат күй тілін ұғып,  
Шалға бала жағып жүрді,  
Попов та оған риза болып,  
Жауыршынан қағып жүрді,  
Ревнада құрыш қортып,  
Машыктанып іс бабына,  
Бала Алтынбек бір жыл оқып,  
Қайтты Қазақстанына,  
Елге Алтынбек қайтарында,  
Үлгі үйреткен Попов шалды  
— «Әкемсің», — деп, халық алдында  
Ұмытпасқа қолын алды.

## V.

Кезінде Отан соғысының  
Нұра өзеңін өрлей қонған,



Пәрмені мен ел күшінің  
 Бір қала тұр орнай қалған,  
 Тас мұнара тұрбалары  
 Мойнын зәулім көкке созған,  
 Көк түтіні ырғалады,  
 Бұлқынғанда бұлттан озған!

Көрсен түрін тұрған шалқып  
 Казакстан аймағының,  
 Таскындаған болат балқып,  
 Бергісіздей айға күнін,  
 Уақыт зырлап алға ұмтылған  
 Дер кезінде ел қас қаққанша,  
 Маң далаға орнатылған  
 Кұрыш қала бір тамаша,  
 Сағат сайын елдің күші  
 Танылғандай еңбегінен,  
 Қеннің асыл көк құрышы  
 Бұл қалада меңгерілген.

Қазанынан құрыш болат  
 Күйіп тұңғыш тіккен отау,  
 Тұңғыш рет қаққан қанат  
 Еді қала бұл Темір-тау,  
 Орнауына бұл қаланың  
 Айғақ болып елдің күші,  
 Кұдыретіңдей кең даланың  
 От маздатқан мартен пеші!

Заводта осы күйіп құрыш  
 Мартенде өрен етіп еңбек,  
 Болат күйғыш болып тұңғыш  
 Тұр жас қазақ ер Алтынбек,  
 Бұл мартенде істеп жатыр  
 Ондаған ұлт, мындаған қол,  
 Жас Алтынбек бала батыр  
 Күйіп жатыр құрыштан көл.

#### VI

Қазақстан даласының  
 Тұңғыш үйін болат күйған,  
 Қазақтың жас баласының  
 Болатты ертіп бұлақ қылған —  
 Күдіретті күшін көріп,  
 Тау қырандай қанаттандым,  
 Жас Алтынбек сәлем беріп  
 Тұрды, оған мадақтандым!

Еңбек қызыл ту ордені  
 Жарқ-жұрқ етіп төсіндегі,  
 Көр дегендей белгі ерлігі —  
 Осы Алтынбек ісіндегі.

Күнге ордені шағылысты  
 Қызыл-жасыл нұр шашқандай,  
 Сергек сезім алып ұшты  
 Ерді көріп жыр тасқандай.



Болат күйғыш, туған тұңғыш  
 Ұлды өсірген партиямыз,  
 Ер ұлдарды күйған құрыш  
 Жырға қосып шарқ урамыз,  
 Баулып мұндай ұлды өрен  
 Комсомол мен партияның  
 Өрлеткенін күнде көрем,  
 Еңбегі мен аты мәлім.

Құрыш күйған бала Алтынбек —  
 Темір-таудың түлегіндей,  
 Мартен пеші тұр гүрілдеп,  
 Елдің ыстық жүрегіндей!  
 Биік мартен мұржасынан  
 Бұлт лақтырып тұр Темір-тау,  
 Болат балқып тұлжасынан,  
 Теңіздей бейне Атырау.

## Ж Ы Л Қ Ы Ш Ы Н Ы Ң Б А Л А С Ы М Ы Н

Күміс көбік көл жағасы  
 Үйрек ұшып, қаз қаңқылдап,  
 Бетінде ойнап шағаласы,  
 Шыйратылған көкше құрақ,  
 Меруерт су мөлдіреген  
 Тұнық көлдің жағасында,  
 Жылқы бақты менің әкем  
 Самалды тау сарасында,  
 Шауып жүрді шұрқырасып,  
 Жібек жалды құлындарым,

Шіңгір — шіңгір кісінесіп,  
 Күмбірметіп тау аңғарып,  
 Елікше ойнап еліреді  
 Қаздай иіп мойындарып,  
 Күйін қуып жөнеледі,  
 Желбіретіп жібек жалын,  
 Жұмыртқа жон жұмырлаып,  
 Ту күйрығы күлтеленіп,  
 Бейне сағым мың бұралып,  
 Әдеткендей жел көтеріп,

Тас төбеде қос құлағы,  
 Қара көзі оттай жанып,  
 Төңкеріліп ай тұяғы,  
 Зырқырайды жұлдызша ағып  
 Жазғы жайлау сұлу тауда  
 Бағып колхоз құлындарып  
 Исі жұпар, таза ауада  
 Дем аламын, тынығамын.

З. КАЛАУОВА



## ҚЫСҚЫ САЯХАТ

Балалар, сендер жазды күні өлке тану — саяхатына шықтындар. Онда көптеген километр жер жүрдіңдер. Табиғат құбылысы, өсімдіктер дүниесімен таныстындар. Мектептеріңе бірсыпыра коллекциялар, гербарийлер жыйнадыңдар. Ел аузынан ертегі, әңгімелер жазып әкелдіңдер. Бұл, әрине, игілікті іс.

Бірақ, сендердің көпшіліктерің бұл жұмыстарды тек жазды күні ғана істеуге болады деп ойлайсындар. Қысты күні саяхатқа шықпайсындар. Қыстың алуан түрлі құбылыстарымен таныспайсындар. Әрине, бұл дұрыс емес.

Жаз сыяқты, қыс күндері де, ақ қар, көк мұз, сары аяздарға қарамастан, өлке тану саяхатына шығуға болады. Бірнеше километр жол жүріп, серуен құруға, қыс көріністерімен танысуға болады. Тек бұл саяхаттар мен серуендерде жаз күндеріндегідей жаюу жүруге болмайды, шаңғымен жүруді керек қылады. Қыстың күні саяхат өздерің тұрған қаланың немесе ауылдың сыртына шаңғымен серуенге шығудан басталады. Бұл үшін шаңғымен жақсы жүре алатын болулардың хажет.

Бұдан кейін 12 километрлік бір күндік, 30 километрлік екі күндік ұзақ саяхатқа шығуға болады. Мұндай жағдайда сағатына 3 километрден 5 километрге жол жүріп отыру керек. Әр қайсының 4 килограмма жүгің болатын болсын.

Қыста шаңғы мен жасаған серуен мен өлке зерттеу саяхаты деп саулығыңды нығайтып шынықтырады. Қыстағы жаратылыс өмірімен, социалистік құрылыспен таныстырады.

Мұндай саяхаттар мен серуендер география, жаратылыс тану пәндерінен мектепте оқығандарыңды есте қалдырады. Білімдеріңді тереңдете түседі.

Жорыққа шықпастан бұрын баратын жерді жоспарлап, картасын жасап алу керек. Ол жер туралы жазылған кітап, журналдар мен газеттерге басылған, сол сыяқты білетін адамдардың баратын жерлеріңнің ауа райы, байлығы, халқы туралы материалдар жыйнау керек. Мұндай жұмыстарды аға пионер вожатыңның не оқытушының басшылығымен істеуге болады.

Бұдан кейін саяхаттың тақырыбын талқылау керек. Мысалы: Қысты күні тағы жөндіктердің өмірімен, колхоз, совхоз, өндіріс тұрмысымен танысу т. т. Мұны оқыған сабақтарыңмен байланыстыру хажет.

Саяхатқа шығар алдында топқа бөлініп, қызметті бөлісіп алу керек. Мұнда негізгі міндеттемелер мынадай болуы тиіс: саяхаттың жетекшісі аға пионер вожатыңы не оқытушы болу керек. Завхоз саяхатшыларды тамақ, керекті құрал-саймандармен қамтамасыз етеді. Санитар саяхатшылардың тазалық жағын басқарып, ауруларға жедел жәрдем көрсетіп отырады. Бұлардан басқа, ас басшы, фотограф, күнделік дәптерің жазып отыратын пионер болуы тиіс. Жорыққа қатысушылардың басқанда бригадала бөлінеді. Метролог ауа райын бақылайды. Зоолог жануарлар өмірін тексереді. Фольклор бригадасы халық аузындағы аңыз, ертегі, ескі әңгімелер жыйнайды.

Темір жол мен тас жолдан тысқары елді пункт үшін газет, журнал ала жүріп, олардың арасында жергілікті Советтердің сайлауы туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу керек.

Өткен қыста Алматыдағы 25-мектептің оқушы пионерлері аға пионер вожатыңы Соловьеваның басқаруымен қызықты саяхат жасады. Олар шаңғымен тауға шықты. Онда жаздың қалай басталатынын бақылады. Пионерлер таудан көптеген жаңалықтар көріп, бірсыпыра білім алып қайтты.

Балалар, сендер де қысқы саяхатқа шығындар, қыстың алуан түрлі қызық құбылыстарымен танысындар.

П. КОВАЛЕНКО,

Республикалық физкультура және спорт істері комитетінің альпинизм-туризм секторының бастығы.

## ЖОРЫҚ ЖОСПАРЫ

Былтыр біздің мектептің оқушылары шаңғымен Алматы қаласынан Талғар, Есік және Түргенге жорыққа аттанды. Жорықты мектептің ысылған шаңғышысы — Самат Абдразақов басқарды.

Жас шаңғышылар Алматы, Іле және Еңбекші қазақ аудандарының көптеген кол-



хоаздарында болып, колхозшылар арасында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы туралы үгіт-көшілік жұмыстарын жүргізді. Колхозшылар бұларды зор ықыласпен қарсы алды. Олардың сайлау туралы айтқан әңгімелерін асқан ынтмен тыңдады. Бұлардың тағы да келуін, ойын-сауық қойып беріп тұруын сұрады. Сонда жас шаңғышылар жорығын басқарушы Самат Абдразақов оларға:

— Ардақты колхозшылар, біз сіздердің тілектеріңізді орындаймыз, тағы да келеміз, — деген болатын.

Міне, быыл қыс қайта келді, қар қайтадан жауды. Және еңбекшілер делегаттарының жергілікті советтерінің сайлауы өткізілмекші. Осыған байланысты біздің мектептің оқушылары мен пионерлері тағы да шаңғы жорығына шығады. Бұл жолы да олар Алматы, Іле және Еңбекшіқазақ аудандарының көптеген колхоздарында болып, сайлаушылар арасында Жергілікті советтердің сайлауы туралы үгіт-көшілік жұмыстарын жүргізеді және колхозшыларға ойын-сауық қойып береді.

Алмаз ШОҒЫНБАЕВ,

Алматы, 18-ер балалар мектебінің оқушысы.

## ЖАС ШАҢҒЫШЫЛАРҒА

Шаңғы спорты-мектеп оқушылары мен пионерлердің ең жақсы көретін аса қызықты ойынының бірі. Ол жастарды төзімді болуға, оңтайлыққа, бағыя және батыр болуға баулайды. Сондықтан да оқушылар мен пионерлер шаңғы спортын жақсы көріп, оны меңгеруге тырысады. Кімде-кім жақсы шаңғышы болғысы келсе, ол ең алдымен шаңғыны және оған керекті саймандарды өзіне шақтап, дұрыс тандап ала білуі керек.

Шаңғының ұзындығы шаңғышының тік тұрып қолын жоғары көтергендегі бойына тең болуы хажет. Сол сыяқты, шаңғы тепкенде киетін аяқ киім де басқа уақыттарда киетін аяқ киімнен кең болуы керек, оның мәнісі шұлғауды қалың шұлғансаң, аяғың қандай қатты аяздар болса да тоңбайды.

Шаңғының аяққа байланатын жерін темірден де, қайыстан да жасауға болады. Бірақ, аяқты аса қатты да, бос та байламау керек. Бос байланса, шаңғымен жүру қиыны болады, ал, шаңғы қатты байланса, аяқ үсіп кетуі мүмкін.

Шаңғымен жолға шығар алдында оны қарағайдың немесе қайыңның майымен әбден майлау керек.

Ең алғашында шаңғыны таяқсыз теуіп үйренген жөн. Өйткені бірден таяқтың жәрдемімен шаңғы тепкендер таяққа әбден сүйеніп кетеді де, шаңғыны таяқсыз тебе алмайтын болады.

Шаңғыны таяқсыз теуіп үйрену ең әуелі оны қарға шығарып қойып, үстіне дұрыс тура білуден басталады. Шаңғының үстіне салмағыңды тең ұстап, дұрыс тұрып үйренгеннен кейін алдап ілгері етпеттеңкіреп, екі аяқты алға қарай кезекпен-кезек сырғанатып жүру керек (2 сурет). Ең алдымен жай бастап, бара-бара жүрісті жылдамдатуға болады. Осылай 200—300 метр жерге сырғанап жаттыққан соң жай бұрылып үйрену хажет (3 сурет). Одан кейін аяқты көтеріп бұрылып жаттығуға болады (4 сурет).

Мұнан соң қолға таяқ ұстап сырғанап көру керек. Бірақ, таяққа ешқандай күш салмай, бос ұстап жүру керек. Таяқтың көмегімен 300—400 метр жерге сырғанап үйренген соң алғашқы жаттығу жұмыстары аяқталады.

Бұдан былайғы жаттығу жұмыстарына таяқтың жәрдемі толық пайдалануға болады. Енді шаңғымен «финше» сырғанап үйрену керек. Оның мәнісі былай: жай сырғанағанда екі аяқ кезек қиймылдайды. Ал, мұнда екі аяқты бір жерге тең басып тұрасың. Соған соң екі қолдағы таяқты жерге пәрменіңше қатты қадап, өзіңді алға қарай итеріп тастап, сырғанап кетуің керек (5-сурет).

Шаңғышы өзін шаңғының үстінде тең ұстап, дұрыс тұруға үйреткеннен кейін биік жерлерден сырғанап үйренуі тиіс. Алайда, бірден аса биік, тік жерден сырғанамай, аласалау жерден, қыя беттен сырғанап байқағаны жөн. Соған соң сырғанайтын жерді бірте-бірте биіктете беруге болады. Биіктен сырғанап келе жатып, жығылатындай жағдай болса, дұрыс құлауға тырыс. Бір жақ жамбасқа қарай жантая жығыл. Алға немесе артқа қарай құласа, шаңғышының мертігіп қалуы мүмкін.

Шаңғыны осы әдістермен үйренгендер әбден жаттыға келе, жақсы шаңғышы болып шығады.

Пионерлер, барлығың да шаңғы тебуге шығындар!

Б. МАҚАРЕНҚО.

Педагогика ғылымдарының кандидаты.

## ШАҢҒЫ ТЕБУ ӨНЕРІН МЕҢГЕРЕМІЗ

Өткен жылы біз шаңғымен жүруге әуес емес едік. Тигі, көпшілік пионерлер шаңғымен жүре де алмайтын. Бірақ, біз «Пионерская Правда» газетінен дружина мен



отралтың шаңғы тебу ісімен айналысып жүргенін естідік. Біз де шаңғы спортымен шұғылдана бастадық.

Қыс күндері көптеген қызықты шаңғы жорықтары мен жарыстар өткіздік. Тау арасына барып, биік төбенің басына шығып алып, вожатыйдың командасы бойынша таяқты бос қоя беріп, өзіміз төмен қарай зырладық, трамплиннен секірдік. Ақыры биіктің дружина пионерлері шаңғымен жүруді үйренді. Кейбір пионерлер шаңғы тебу өнерін өте жақсы меңгерді. Оларға шаңғы жөнінде нұсқаушы-пионер атағы берілді.

Міне, қыс қайтадан келді. Біз оны асқан шыдамсыздықпен күткен едік. Алғашқы қар жауған күні-ақ біз қала сыртына жорыққа шығуға дайындалдық. Бірақ, жорыққа барлық балалардың қатыса алмайтындығы анықталды. Оның себебі үстіміздегі жылы дружинаға көптеген жаңа пионерлер алынған. Олар әлі шаңғымен жүріп үйренбеген екен.

— Не істеу керек?

Бұл мәселені дружина советінің жыйынында ерекше талқыға салдық. Советтің мүшесі Виктор Соколов:

— Былтырғы жылы дружинаның барлық пионерлерін шаңғымен жүруге үйретіп шығардық. Мұны быйыл да істей аламыз. Оның ешбір қиындығы жоқ. Тек шаңғы тебуді үйренуге ынта-жігер болса, болады. Мен өз звеномдағы барлық пионерлерді шаңғы тебуге үйретіп шығарамын. Басқа шаңғышылар да солай істейтін болсын, — деді.

Виктордың бұл орынды ұсынысы барлығымызға да ұнады. Дружинадағы барлық пионерлерді шаңғы тебуге үйретуге қаулы алдық.

Виталий РОГОВ,

Алматы, 39-ербалалар мектебі.

## ҚЫСҚЫ ӘСКЕРИ-СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Қысты күні көптеген әскери-спорт ойындарын өткізуге болады. Бұл ойындар, көбінесе, қала немесе ауыл сыртына шаңғымен серуенге шыққанда өткізіледі. Алғашқы ойындардың мақсаты тек балаларды сапқа жүріп жаттықтыру және шаңғымен жүру әдістерін үйрету ғана болуға тиіс. Мұнан кейін күрделі әскери-спорт, эстафета ойындарына көшуге болады. Ең соңында шаңғы мен жарыстар өткізген жөн.

Шаңғымен серуенге шыққанда жеңіл ойындарды қоса өткізуге болады, ал күрделі әскери-спорт ойындары әскери білімі бар адамдардың (әскери жетекшінің, армиядан қайтқан офицер немесе кіші командирлердің) басқаруымен өткізіледі. Бұл ойындарға 10—17 жастағы мектеп оқушылары мен пионерлердің бәрі де қатыса алады.

Ойынның жемісті болуы—оны басқарушылардың және ойынға қатысушылардың тәртіпті және ұйымшыл болуын талап етеді. Олардың, ойынды басқарушының айтқан бұйрықтарын, берген нұсқауларын дәл және сөзсіз орындауын керек қылады.

Басқарушы ойынды алдын ала әбден дайындайды. Ойын жүріп жатқан кезде оның барысын байқайды. Ойынның соңында қатысушыларды жыйнап алып, ойынның қалай өткенін талқылайды. Оның жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетеді. Ойынға қатысушы жекедеген балалардың тапсырманы қалай орындағандығы айтылады.

Мектеп оқушылары мен пионерлердің қысқы әскери-спорт ойындарының түрі өте көп. Соның бірі — сырғанақ.

Сырғанақ — қысқы спорт ойынының ең жеңіл, әрі оңай түрі болып есептеледі. Сырғанақ тебетін орын қолдан жасалады. Немесе таудың я өзеннің аңғарларына табиғи сырғанақ орнын табуға болады.

Биік таудан, құламалы жардан ересек балалар, жоғарғы кластың балалары ғана сырғанақ алады. Ал, шаңғыға жаңа үйреніп жүрген төменгі кластың оқушылары шаңғымен жүруге қолайлы төбешіктерден немесе жазық даламен сырғанақ алады.

«ТІЗБЕК» («Цепочка») — қысқы ойынның жеңіл түрінің бірі. Бұл ойынға қатысушылар биіктікке шығып алып, екі-үш адамнан бірігіп қол ұстасып, шаңғымен төмен қарай сырғанақ алады. Бұл шаңғымен сырғанау таяқсыз болады. Бұл ойынның басты шарты — құламау. Мұны жарыс түрінде де өткізуге болады. Таудан төмен қарай бес рет түскенде, қай команда көп жығылса, сол ұтылған болып есептеледі.

«МІНГЕСУ» — бір пионер биіктікке шығып, шаңғымен төмен қарай зымырап түсуге әзірленіп тұрады. Ал, екінші бала оның шаңғысының артынан мінгесіп тұрады. Олар сол бойымен (скеуді бір шаңғыға мінгескен бетімен) таудан төмен қарай құлдырайды. Бұл ойынның шарты да жығылмау болып саналады.

Балалар, бұл айтылғандар қысқы ойындардың ең жеңіл, ең қарапайым түрлері. Мұны әрбір бала, әрбір звено ойнауға болады.

В. М. ЗИМИН,

Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік Педагогикалық институтының Денешынықтыру кафедрасының меңгерушісі.



## ТАУ ТАБИҒАТЫМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Біздің қала Алатаудың етегінде тұрады. Ашық күндері тау шыңдары бізге ашық көрінеді, ал тұманды күндері оның шыңдарын бұлт басады.

Біздің көптен бері осы Алатаудың аңғарына шыққымыз келетін, оның сұлу табиғатымен және құбылмалы ауа райымен жете танысқымыз келетін. Міне, біздің осы тілегіміз былтыр орындалып еді.

Бір күні мектептің аға вожатымы Соловьева бәрімізді жыйнап алды. Ол біздің тауға бартынымызды, онда жаздың қалай басталатынын бақылайтынымызды айтты. Біз қуанып кеттік.

Тауға 25 бала шықтық. Әркім өздерінің жорық киімдерін киіп, өзіне күндіз азық алды. Біз Алатаудың бауырына барғанда, аспандағы алтын күн мейрімді аналай нұрын төге түсті. Тау аңғарындағы қыс бойы жатқан қарлар еріп, жылғамен жылжып ақты. Таудың ерке әнші серілері — құстар жайдары жаздың келгенін хабарлағандай, тамылжытып әнге басты.

Біз жоғары өрмелей бастадық. Әрбір қадам алға басқан сайын жүріс қиындай түсті. Жоғары көтерілген сайын ауа райы да өзгере берді. Ептеп самал жел соқты.

Түс кезінде біздер тау аңғарындағы метеорологиялық станцияға жеттік. Станция қызметкерлері бізге таудың табиғат құбылысы, ауа райы туралы көптеген қызықты әңгімелер айтты. Олар осы тау арасында тұрып, қысы-жазы күн райын, желдің күші мен бағытын және ауаның температурасы мен қысымын бақылап отырады екен. Сон-соң олар өздерінің бақылағандарын орталық метеорология станциясына хабарлайтын көрінеді.

Біз бұл сапарымызла тауда, жаздың қалай басталатындығын біліп қайттық. Бұл туралы өзіміздің күнделік дәптерімізді жаздық.

Енді, міне қыс түсті. Жазық даладағыдай емес, таудағы қыстың да өзіне өзгешелігі болады. Міне, тау қысының осы өзгешелігі мен онда қыстың қалай басталатындығын білу үшін біз быйыл да жорыққа шығамыз.

Михаил ПЕТРОВ,  
Алматы, 25-ербалалар мектебі



## Пионер активіне көмек

### ОТРЯД СОВЕТИНІҢ ЖЫЙЫНЫ

Отряд советі әдетте айына 2—3 рет бас қосып, өзінің жыйынын өткізіп отырады.

Кейбір отрядтар өздерінің жыйындарын «мәжіліс», «отырыс» деп атап жүр. Бұл дұрыс емес. Не нәрсені болсын өзінің лайықты атымен атаған жөн, сондай-ақ отряд советінің жыйынында ешбір бұрмаламай отряд жыйыны деу керек. Бірақ, мәселе жыйынның қалай деп аталуында емес, мәселе оның затында, демек қалай ұйымдастырылуында, мазмұнында ғой. Бұл жөнінде де бір талай отряд советтерінің өздерінің атқаратын міндеттерін жете түсінбей жұмыс істеп жүргендіктері байқалды.

Олар, көбінесе, өздерінің «мәжілісінде» сабақты нашар оқыйтын, тентектік жасаған пионерлерді талқыға сала береді. Әрине, отряд советі пионерлердің сабақты қалай үлгіріп жүргендігіне, олардың кластағы, мектептегі жүріс-тұрыстарына назар аударып отыруға міндетті. Бірақ отряд советі бұдан басқа да зор маңызы бар істерді ұмытып, бірыңғай жосымен шұғылдана беруіне болмайды.

Отряд советінің жыйыны — пионер активінің мектебі болып саналады.

Мысалы, отряд советі келесі отряд жыйынының жоспарын талқылау үшін жыйналды дейік. Болатын жыйынның жоспарын бекіту мен тыну — жеткіліксіз, отряд жыйынына дайындалу кезінде әрбір звено не істеп, не қоюы тиіс, соны шешу керек. Отряд советінің жыйыны үстінде звено вожатыларына жаңа ойын, жаңа өлеңдер үйретуге де болады.

Яки отряд жорыққа шықпақ болды дейік. Жорыққа шығуға барлық пионерлер әзір ме, жоқ па — соны тексеру керек. Бұған арнап отряд советінің арнаулы жыйынын өткізуге болады. Онда звено вожатыларына әрбір пионерді алдағы жорыққа қалай әзірлеу керек екендігін айтып беру хажет.

Қазір жер-жерде еңбекшілер депутаттарының жергілікті советтерін сайлауға дайындық ісі қызу жүріп жатыр. Пионерлер бұл жаңа науқанға да ат салысып үлкендерге көп көмек көрсете алады. Қай пионерлер

сайлаушылардың арасына барып кітап, газет оқып бере алады? Үст-пунктіне қай пионерлерді байланысты (связной) етіп бекіту керек? Барлық звенолар бірігіп, қандай сауық кешін дайындай алады? Міне, бұл мәселелердің бәрі де отряд советінің жыйынында шешу тиіс.

Звеноларда болған жаңалықтарды қызықты істерді отряд советінің жыйынында айту хажет. Сонда ғана бір звено екінші бір звеноның жұмыс тәжірибесін пайдаланып отыратын болады. Отряд советінің жыйыны қалайда звено вожатыларына, нұсқаушы пионерлерге, отряд активтеріне бір жаңалық хабарлап, нақтылы білім берерліктей болып өтуі керек.

Отряд советінің жыйынында басқандай да түрлі мәселелер талқыланады. Ол бүкіл отрядқа басшылық ететін болғандықтан, оның жұмыс өрісі едәуір кең болады. Бірақ, қай мәселені болмасын, көп сөйлеп сөзбай, қысқаша талқылау керек. Отряд жыйынында екі-үш мәселеден артық талқыланбауы тиіс.

## Әлдилейді ініңді

Тыңда сенде, бауырым!  
Ананың айтқан жырларын.  
Әлдилеп сенің ініңді,  
Сыйпаған алтын айдарын.

Бір кезде анаң, қарағым,  
Түн күзеткен жан еді,  
Бай мен манап дегендер  
Саудалайтын мал еді.

Ол кезде бесік таянып  
Жырлау емес, жылайтын.  
Жас кеулеп көздің шарасын,  
Кеудесін жалын улайтын.

Ол кезде біздің өлкеде  
Қала деген болмаған,  
Болмап еді самолет  
Дүрілдеп көкті шарлаған.

Мектеп деген болмайтын  
Сол бір кезде еліңде,  
Жүзбейтуғын капитан  
Айдын шалқар теңізде.

Ол кезде біздің өлкеде  
Тракторлар болмайтын,  
Қетпенмен салған егінді  
Комбайн келіп ормайтын.

Күндіз-түні даланың  
Уйқысы бір қанбайтын,  
Қазіргі біздің электр  
Ол кезде тіпті жанбайтын.

Соның бәрін бар етті  
Ленин — Сталин бабамыз,  
Тыңда сенде, бауырым!  
Жырлайды соны анаңыз.

Октябрьде әлемде  
Жаңа ғасыр басталған,  
Бостандық деген ұлы сөз  
Жер жүзіне жар салған.

Соған бері отыз жыл  
Толды быйыл, жас ұлан!  
Қарашы жан-жағыңа:  
Өмір мүлде жасарған.

Отырсың зәулім мектепте,  
Қалаған оны ата-анаң,  
Қолыңда оқу құралың —  
Ұстатқан оны ата-анаң.

Көз жіберші аймаққа,  
Сұрашы туған халқыңнан,  
Ие еткен кім оны да  
Мол дәулетке шалқыған.

Біл, бауырым, өмірді  
Жасартқан ол ата-анаң,  
Ол ата-анаң — Партия,  
Ол — дақты ұлы Отан.

Тыңда, сен де, бақыттым,  
Ананың айтқан жырларын,  
Әлдилеп сенің ініңді,  
Сыйпаған алтын айдарын.



Біздің социалистік елімізде халық шаруашылығының барлық саласы мен мәдениетіміздің өркендеуі үнемі белгілі жоспар бойынша дамып отырады. Өрбір совет азаматы кешегі өмірі мен бүгінгі өмірін, былтырғы мен быйғы жылының табыстарын есепке алып, ертең, келер жылы қандай жаңалықтар болатындығын біліп отырады.

1950 жылы қай жерде қандай завод, фабрика, рудник, шахта продукция бере бастайтындығын, қай жерде қандай театр, кинотеатр, мәдениет сарайы, мектеп үйі салынатындығы бәрімізге мәлім. Өйткені ол құрылыстың барлығы да соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарда айқын көрсетілген.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының халық шаруашылығын өркендетудің 1928—29 және 1932—33 шаруашылық жылдарына арналған бірінші бесжылдық жоспары Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының XVI конференциясы мен Советтердің V-сезінде 1929 жылы қабылданды. 1933—37 шаруашылық жылдарына арналған екінші бесжылдық жоспар 1934 жылы БК(б)П-ның XVII съезінде қабылданды. Ал, 1938—1942 шаруашылық жылдарына арналған үшінші бесжылдық жоспар 1939 жылдың басында БК(б)П-ның XVIII съезінде қабылданды.


Алғашқы, екі бесжылдық жоспардың екеуі де мерзімінен бұрын және артығымен орындалды. Үшінші бесжылдық жоспардың алғашқы үш жылында халық шаруашылығы айта қаларлықтай дамыды. Бесжылдықтың әр жылындағы жоспар үнемі артығымен орындалып отырды. Сонымен қатар да 1941 жылғы февраль айында СССР Халық Комиссарлар Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті халық шаруашылығын өркендетудің 15 жылдық жоспарын жасауға кіріскендігі жарияланды.

Совет халқының еңбек майданында табыстан табысқа жетіп, алға адымдаған бейбітшілік өмірін 1941 жылғы июль айындағы тұтқыннан жасалған неміс-фашист басқыншыларының біздің Отанымызға жасаған шабуылы бұзып кетті.

Совет халқы шаруашылығының барлық тарауын майданды қару-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағындырды.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Ленин—Сталин партиясының бастауымен бүкіл совет халқы халық шаруашылығына тиген соғыс бүліншілігін қалпына келтіру және шаруашылық пен мәдениетті бұрынғысынан әрі өркендете беру ісіне жұмылды.

1946 жылдың март айында СССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің 1946—50 жылдарға арналған соғыстан кейінгі бесжылдық жоспары туралы заңды қабылдады. Бұл бесжылдықтың алғашқы екі жылының жоспары ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салаларында халықтың мәдениеті мен тұрмыс халын жақсартуда зор табыстармен орындалды. Жұмысшылар мен колхозшылар өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын өркендете отырып мем-





лекет қорын молайтты. 1947 жылы колхоздар мен совхоздарымыз егіннен мол өнім алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын артығымен орындады. Өнеркәсіптің барлық тарауында мыңдаған, миллиондаған еңбек ерлері бір жыл ішінде бірнеше жылдық жоспарларын орындауы нәтижесінде өнеркәсіп орындарының көпшілігі бесжылдықтың алғашқы екі жылының жоспарын артығымен орындады.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтың алғашқы екі жылының жоспарын Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 30 жылдығы қарсаңында қала бойынша артығымен орындап шыққан Ленинградтың фабрика, завод жұмысшылары мен қызметкерлері «Бесжылдықты — төрт жылда орындаймыз!» деп бүкіл Советтер Одағының еңбекшілеріне хат жазды.

Бұл хат еліміздің барлық өнеркәсіп орындарында талқыланып, әрбір фабрика мен завод, шахта мен рудник, оларда қызмет істейтін әрбір жұмысшы мен қызметкер өздеріне нақтылы міндеттемелер алды. «Бесжылдықты — төрт жылда орындаймыз!» деген Ленинградтықтар бастамасы бүкілхалықтық ұранға айналды.

Қарағандының көмір шахталары мен басқа өнеркәсіп орындарында істейтін 21.989 жас жұмысшыдан 1386 жұмысшы бесжылдықты — 3,5 жылда, 338 жұмысшы бесжылдықты — 3 жылда, 39 жұмысшы бесжылдықты 2,5 жылда, ал қалғандары бесжылдықты төрт жылда орындаймыз деп міндеттемелер алды.

Жас жұмысшылардың бұл міндеттемелерін орындауға толық мүмкіндік бар. Қазірдің өзінде көптеген шахталар мен бригадалар жоспарды асыра орындауға тамаша табыстарға жетіп отыр. 18-бис шахтасындағы Сұлпан Лысенко бастаған 3-жастар учаскесінде істейтін 45 жас жұмысшы быйылғы жылдың жоспарын мерзімінен ерте орындап, мемлекет қорына жоспардан тыс 65 мың тонна көмір берді. Жыл аяғына дейін 50 мың тонна көмір беруге міндеттеме алды.

Алматының ауыр машина жасайтын зауытының атақты стахановшысы Сергей Фадеевтың бригадасы қазірдің өзінде 6 жылдық жоспарын орындап шықты. Ал, алдағы екі жылдың ішінде тағы бір бесжылдық жоспарды орындауға міндеттеме алды.

Бұл сыяқты тамаша еңбек үлгілерін көрсеткен жас патриоттар халық шаруашылығының барлық тарауларында жиі ұшырайды.

Бүкіл совет халқының бейбітшілік жардайдары еңбек майданындағы табыстарының күн сапал шыңға шарықтауы нәтижесінде СССР Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті 1947 жылғы декабрдің 14де «Ақша реформасын жүргізу, азық-түлік және өнеркәсіп товарлары карточкаларын жою туралы» қаулы алды.

Бұл қаулы соғыстан кейінгі дәуірдегі халық шаруашылығының тамаша табыстарға жеткендігін, большевиктер партиясы мен совет үкіметінің, сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың халықтың әл ауқатын жақсартуға жасаған қамқорлығының жаңа белесі екендігін дәлелдейді.



## Ана мен бала

Келеді бір мейірлі ана,  
Қасында бар балғын бала,  
Десе бірі: «Бақытжаным»,  
Екіншісі дейді: «Ана».

Алпыс жастан асқан ана  
Өліп — өшіп салып жанын,  
Құшырланып құшақтайды  
Деп баласын: «балапаным!»  
Балапаны о да сондай  
Жақсы көріп қарт анасын,  
Еркелейді анасының  
Кеудесіне қойып басын.

Көрген екем бұдан бұрын,  
Мен оларды қалдым танып;  
Кеше екеуі тұрған еді  
Дүкеннен бір кітап алып.

Әлде неге білгім келіп  
Кім екенін бұлардың мен,  
Таныйтын бір жолдасымнан  
Әдейі арнап сұраған ем.

Сонау соғыс жылдарында,  
Төнгенде елге қатер-хауіп,  
Жалғыз қалған әлгі ана,  
Майданда ұлы қаза тауып.

«Аһ» дегенде аузынан  
Жалын шығып ерте-кеші,  
Қайғы шегіп жүрген ана,  
Қолда осы немересі.

Бірі кәрі, бірі сәби,  
Екеуі де дәрменсіз жан,  
Бала — сәби, не білуші ед,  
Анада ғой барша арман.

Жоқ!

Ешқашан жетім қалмас  
Ешбір адам біздің елде,  
Қамқоршы оған барша халық,  
О да бүкіл елмен бірге.

Отыр оның қамын ойлап,  
Дана Сталин Кремльде,  
Ұмытылды ауыр қайғы,  
Жетті ана тілегіне.

Бір кездерде ана үшін  
Сөнгендей боп қалған өмір  
Енді жайнап, қайта туды  
Жаңа үміт, жаңа көңіл.

Туды үміт, туды сенім  
Қопарғандай таудың тасын.  
Оқып жүр жас Бақытжаны,  
Шаттандырып қарт анасын.

Еш жоқшылық көрген емес  
Ақ шашты ана, Бақыт бала,  
Мұң-мұқтажсыз тұрады шат,  
Алғыс айтып заманаға.

— Мың шүкір ет, інішегім,  
Мың шүкір ет- ардақты ана!  
Тұрсаң сонау Лондонда  
Табар едің кімнен пана?

Келеді бір аяулы ана,  
Қасында бар балғын бала,  
Десе бірі: «Бақытжаным»,  
Екіншісі дейді: «Ана».



## БІЗДІН ДРУЖИНАДА

Біздің дружинаның пионерлері соңғы кездерде өлеуір жұмыстар істеді. Пионерлер күшімен әр уақытта ойын сауықтар қойып отырамыз. Бұл жөнінде «Пионер» журналы мен «Қазақстан пионері» газетінің бізге көрсеткен көмегі көп болды. Біз осы газет журналдарға шыққан әлең, әңгіме, пьесаларды пайдаланамыз.

Жақында «Пионер» журналына шыққан Ж. Қонақбаевтың «Өмір гүлдері» атты пьесасын қойдық. Спектакльге ата-аналарымызды, үйдегі туыскандарымызды шақырдық. Біздің қойған пьесамыз көрушілерге ұнады. Әсіресе, пьесадағы Шолпанның ролінде ойнаған отряд вожатын Қазыбаева мен Жанаттың ролін орындаған Оспанова келушілерді қатты сүйсінірді. Бірақ, Ақан болып ойнаған IV—класстың оқушысы Нұржанова мен Алтайдың роліндегі Бейсекова кейде сөздерін жаңылып, тұрып қалған да кездері

болды. Мұндай бірлі-жарым көмшіліктер пьесаның күйін түсірген жоқ. Ата-аналарымыз риза болып тарасты. Ертеңінде Қазыбаева мен Оспанованың ата-аналары пьесада жақсы ойнаған балаларға дәптер, қарындаш, кітап тағы басқа сондай заттар сатып әперді.

Ал, «Қазақстан пионері» газетінен «Менің отаным» тақырыпты ицендировканы дружинаның жыйынында қоюға дайындап жатырмыз. Мұнда біздің дружинадағы ұйымдастырылған домбыра, би, хор үйірмелерінің бәрі қатысады.

Біздің дружинаның ісі Семей қаласындағы мектептердің пионер ұйымдарына үлгі болады. Біз олардың да ісінің алға басуына көмектесеміз.

**Қымбат АЛПЫСБАЕВА,**

Семей қаласы. 16—санды қазақ мектебі, дружина советінің председателі.

## ДРУЖИНА ЖЫЙЫНЫ

Бүгін пионерлер бөлмесі ұлы мерекеге арналып әшекейленген. Қабырғада көсемдердің суреттері мен әлемі әріппен жазылған ұрандар ілеулі тұр. Бөлменің іші мойындарына қызыл талстук байлаған жас пионерлерге лық толған. Бұлар, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдық мерекесіне арналған салтанатты жыйынын өткізуге жыйналған 5-дружинаның пионерлері еді.

Ортада жыйынның хұрметті қонақтары отыр. Олардың ішінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, балалардың сүйікті жазушысы — Сәбит Мұқанов, КЛКЖО Ленин аудандық комсомол комитетінің, балалар баспа сөзінің қызметкерлері бар.

Дружина советінің председателі Ақпайзек Әлмағамбетов пионерлерді қатарға тұрғызып, отряд советінің председателдерімен рапорт алды. Мұнан кейін ол:

— Дружина, туға қарап түзеліңдер! — деп команда берді де, жыйынға дружина пионерлерінің түгел жыйылғандығы туралы аға вожатыға рапорт берді.

Аға вожатый Жұмағазы Ахметов дружина жыйынын ашық деп жариялады.

— Балалар, — деді ол, — Бұдан отыз жыл бұрын, 1917 жылы біздің елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңді. Революцияға коммунист (большевиктер) партиясы және оның данышпаң көсемдері Ленин мен Сталин басшылық етті. Елімізде патша

өкметін, капиталистер мен помещиктердің үстемдігін құлатып, оның орнына Совет өкметін, жұмысшылар мен шаруалар диктатурасын орнатты. Байтақ елімізде ерікті халықтардың мәңгілік одағы құрылды. Еліміздің әрбір азаматы еңбекке, оқуға және тынығуға толық право алды. Сол сыяқты балаларға да бақытты өмір жасалды. Бізге арналып сансыз зәулім мектептер мен пионерлер сарайлары салынды, көптеген дем алыс орындары мен пионерлер лагері ашылды, Бізге бұл бақытты өмірді жасап берген Совет өкметіне, сүйікті әкеміз-ұлы Сталинге рахмет айтамыз!

Аға вожатыйдың бұл сөзін пионерлер ду қол шапалақтап қарсы алды. Барабан даусы мен пионерлердің уралаған дауысы көң бөлмені жаңғырықтырды.

Мұнан кейін сөз пионерлердің хұрметті қонағы, жазушы Сәбит Мұқановқа берілді. Ол өзінің сөзінде:

— Балалар, сендердің оқыйтын мектептерің Жамбыл жираудың есімімен аталады. Және бұл мектеп республикамыздағы алдыңғы қатарлы орта мектептердің бірі болып саналады. Сондықтан да онда оқыйтын оқушылар мен пионерлер тәртіптіліктің, жақсы ақудың үлгілерін көрсетуі керек, Сендерге ол үшін барлық жағдай жасалған. Сендер жас Лениншіл деген арлақты атқа сай болыңдар, мектептеріңнің және пионер ұйымының збройын жоғары ұстаңдар, — деді. Пионерлер оған:



— Делім—Сталин ісі үшін күреске ардапан дайынбыз! — деп жауап қайтарды.

Мұнан кейін аға вожатый Ахметов пионерлердің хұрметті қонағы, жазушы Сәбит Мұқановты 5—дружи­наның хұрметті пионері етіп сайлау туралы дру­жина советінің қаулысын оқыды. Пионерлер қаулыны қошаменен қарсы алды. Аға вожатый хұрметті пи­онер Сәбит Мұқановтың мойнына пионерлік қызыл галстук байлап, кеудесіне пионерлік аначокті тақты.

Ортаға дружина советінің председатели Ақнайсен Әлмағамбетов шықты. Ол дружина пионерлерінің күшімен дайындалған «Менің Отаным» атты әдеби-монтаж бастайтындығын айтты. Монтажды аға вожа­тый Ахметов бастады. Ол қабырғада ілулі тұрған ССР Одағының үлкен мемлекеттік картасына қарап тұрып, ұлы Отанымыздың ұлан-байтақ далаларын, салтанатты, сәулетті қалаларын, шұрайлы шүйгін жерлерін, айдың шалқар көлдерін, саркылмас сансыз кендерін асқан мақтаншыпен атап өтті. Сонсоң ортаға Украина пионерлерінің өкілі шығып:

— Сонау алтын Украина,  
Келдім әлей, бауырлар,  
Егің жайлы өлкеден  
Құтты болсын мерекен!—

деп Қазақстан пионерлеріне жалынды сәлем жолдады.  
Грузия пионерлерінің өкілі:

— Біз келдік Арараттың бауырынан,  
Әкеміз Сталиннің ауылынан,  
Мың-мың сәлем баршаңа, туысқандар,  
Бүкіл грузин елінің хауымынан! —  
десе, Азербайжан пионерлерінің өкілі:  
— Мен келдім Каспий көлі жағасынан,  
Елімің мол мұнайлы қаласынан, —  
деп, ал өзбек пионерлерінің өкілі:  
— Барлығыңа жолдаймын ыстық сәлем

Ақ мақталы өзбектің даласынан! —

деп, әр одақтас республикалар пионерлерінің өкілдері өз республикаларының байлықтары мен табыстарын мақтанып өтті. Және барлығы да салтанатты жыйын­ды өткізуші Қазақстан пионерлеріне жалынды сәлем жолдады.

Монтаждың соңында барлық одақтас республикалар пионерлерінің өкілдері қосылып, «Советтер Одағының мемлекеттік Гимнін» және «Советтер Одағы жас пионерлерінің жырын» хормен айтты.

Әдеби-монтаж қызықты өтті. Пионерлер ұлы Ота­нымыздың игілігі үшін, халықтардың мызғымас сталиндік достығын одан сайын нығайта беру үшін, сөйтіп, коммунизм ісі үшін қажырлылықпен күресуге ант өтті.

Б. ИСҚАҚОЗ.



Дружина советінің қаулысы бойынша жазушы Сәбит Мұқанов дружинаның хұрметті пионері етіп сайланды.

Суретте: аға вожатый Ж. Ахметов Сәбит Мұқановтың мойнына пионерлік қызыл галстук байлап тұр.

Суретті түсірген П. Редько.

## ҮШ ДОСТУРАЛЫ

Бұлар көптен дос болып келеді.

1940 жылдың август айы. Бұл кезде Сара 8 жаста, Мәдениет 7де, Жәмила 6да өді. Үшеуі балалар бақшасына бірге барып, көп уақыттарын бірге өткізетін. Бір күні Сара Мәдениет пен Жәмилаға келіп:

— Ал, мен оқуға баратын болдым. Жаңа мені анам мектепке жазғызды — деді. Мәдениет пен Жәмила қуанып көтіп:

— Онда бізде барайық мектепке, бірге оқыймыз, десті.

Үшеуі мектепке барды.

Директор ағай оларды кабинетіне ертіп апарып, ақылын айтты.

— Быйыл Сара оқыйды. Ал, сен екеуің әлі жас-сыңдар. Тәртіпті, жақсы бала болып өссендер бірер

жылдан соң сендер де оқыйсыңдар, — деді. Сөйтіп, Мәдениет келесі жылы, Жәмила одан арғы жылы мектепке келетін болды.

Міне, содан бері 7 жыл өтті. Қазір Сара 7—класста, Мәдениет 6—класста, Жәмила 5—класста оқыйды. Бұл үшеуі біздің мектептің мақтанышы. Үшеуі де 1—класстан бастап тек қана «5» деген бағамен оқып келеді. Сол сыяқты пионер отрядтарындағы жұмыстарға да белсене қатысады.

Біз оқушы пионерлерге Сара Шібітованы, Мәдениет Данинаны, Жәмила Жұмабасваны үлгі етеміз. Өрбір оқушы балаз осылардай болса екен дейміз.

**Ш. МӘТКАРИМОВА.**

Шар станциясындағы қазақ орта мектебінің аға божатыйы.



★  
Алматы, 12 санды қыз балалар мектебінің оқушылары мектеп жанындағы сайлау учаскесіне гүлдер қойып, ұрандар, плакаттар іліп, учаскені безендіріп, сайлау комиссиясына көмек көрсетті.

Суретте; (солдан оңға қарай): 5-класс оқушылары—Микеш Керімов, Рауш Ержұмаева және Роза Чурина.

Суретті түсірген  
П. Редько.

★

## Е К І Ө Л Е Н

### АЛАТАУ

Алатау — алып тұлға, асқар биік,  
Қойғандай асыл меруерт тастарды үйіп.  
Қалықтап төбесінде қыран ұшса,  
Шыңында ойын салған арқар, киік.

Ақ шашты қариядай сырды түйіп,  
Төрінде отыр елдің торғын киіп,  
Еркелеп еркін өскен ұрпағына —  
Ұсында алма, өрігін басып иіп.

### КОЛХОЗДЫ ЕЛДЕ

Басталып ұлы думан колхозды елде,  
Қаулаған еңбек қызып ойда, белде.  
Мені де, сені дағы шақырып тұр,  
Желбіреп еңбек туы туған жерде.  
Қарашы егінді елдің даласына!  
Еңбекпен ер атанған баласына,  
Көргенде бал сыяқты сәнді өмірді,  
Ой салмас жан бола ма санасына?

Газиза НУРТАЗИНА  
Көкшетау облысы Щучинскі  
қазақ орта мектебі.

# ЖАС ГВАРДИЯ

А. Фадеев жолдастың «Жас гвардия» атты романы совет көркем әдебиетінің ең көрнекті шығармаларының бірі болып саналады. Романдағы адамдардың бәрі де тарихи шын адамдар, оқығалары да шын болған оқығалар.

Романның мазмұны, қысқаша айтқанда, мынадай:

Совет халқына қарсы неміс басқыншылары ашқан сұралып қанды соғыстың дәуірлеген 1942 жылдың жазы. Еліміздің алып көмір кендері — Донбас қалалары, оның ішінде Краснодар қаласы неміс басқыншыларының уақытша қоластында қалды. Қару ұстауға жарамайтын, ел ортасына қарай қоныс аударып үлгіре алмаған кемпір-шал, бала-шаға қаныпезер немістердің құлдығына түсті. Советтің оқып білім алып жатқан бақытты балалары оқымай қалды, мектептер жабылды; ел басына қайғы-хасірет түнегі төніп, бақытты Украина жерін жаулар таптады.

Сол күндерде неміс қоластында қалған мектеп оқушылары арасынан Олег Кошевой, Сергей Тюленин, Ульяна Громова, Люба Шевцова сыяқты әлде неше ондаған жас қаһармандар шықты. Булар неміс басқыншыларына қарсы «Жас гвардия» атты астыртын ұйым ашты. Ұйымға қажырлы жас комсомолецтер Олег Кошевой, Ульяна Громовалар басшылық етті.

Буларға немістер уақытша басып алған жерде астыртын қызмет ететін Иван Проценко, Матвей Шульга секілді коммунистер ақыл айтып, жөн сілтеп отырды.

«Жас гвардия» ұйымына мүше болғандар, көбінесе 15 — 16 жасқа жаңа келген жас комсомолецтер мен комсомолкалар болды. Олар неміс мекемелерін өртеді, жаудың офицерлерін өлтіріп, жау қоластында қалған совет адамдарына қолқабыс етті. Қызыл Армияның даңқты жеңістеріне болысты. Немістердің жауыздығын әшкерелеп листовкалар таратты.

«Жас гвардия» ұйымы жарым жылдай-ақ өмір сүрді. Сол аз уақыттың ішінде, бұл ұйым совет адамдарының шексіз отаншылдығын, тамаша ерліктерін сыйпаттады. Совет халқы жауға еш уақытта бас имейтінін көрсетіп, еліміздің ерлік тарихына елеулі беттер жазды. Ақырында, кейбір азғындардың опасыздығынан «Жас гвардия» мүшелерінің бәрі дерлік жаудың қолына түсіп, ерлікпен қаза тапты. Ұсамай-ақ Қызыл Армия неміс басқыншыларын



Донбастан қуып шығып, Украина жерін түгел азат етті.

А. Фадеевтің бұл романы совет жастары үшін тамаша мектеп, батырлықтың, ұлы Отанына шексіз берілгендіктің үлгісі болып отыр. Миллиондаған совет жастарын большевиктік идеяда тәрбиелеуде «Жас гвардия» романның маңызы орасан зор.

«Жас гвардия» романы жуықта қазақ тілінде басылып шықты. Оны қазақшалаған жазушы Ғабдол Сланов.

Жақында Алматыдағы балалар және жасөспірімдер театрында жазушы А. Фадеевтің «Жас гвардия» романы бойынша РККСРдың халық артисі Николай Охлопковтың жазған пьесасы қойыла бастады.

«Жас гвардия» романы бәрімізге таныс, еліміздің жасы да көрісі де сүйіп оқытып кітап. Бұл — өлмес өмір жайындағы, жастық пен батырлық туралы, жаңа заманның жаңа адамдарының бейнесін көрсеткен шығарма. Жазушы совет жастарының патриоттық қасиеттерін жыр етіп, олардың ерлік істерін үлгі етеді.

Пьеса романның ұзын желісіндегі негізгі уақытшаларды жеке-жеке эпизодтар арқылы көрсетеді.

Спектакльді көріп отырғанда, романдағыдай талай ауыр кезеңдер, қайғылы минуттар көз алдынан өтіп жатады. Отаны үшін жанын жалынға төсеген жастардың күйініші де, сүйініші де бәрі бір арпаға — ұлы сенімнің, жеңімпаз патриоттықтың арнасына құяды. Спектакль бітер кезде жас гвардияшыларды немістер өлімге айдап әкеліп бара жатады. Дәл осы мезетте оларды шын жанымен аяйсың, сен де бірге қыйналасың. Бірақ, сен де үлкен ой, күшті патриоттық сезім пайда болады. Өзіндей жастың қаһармандық ісіне қарап мақтанасың. Бұл біздерміз, біздің

достар дейсің. Өйткені олар өмір үшін күресіп, өлімді жеңді. Өлмес өмірдің мәңгілік үлгісін қалдырды.

Олег Кошевой ақ жарқын, бал мінезді, досына мейрімді, дұшпанына қатап, ер жүрек жас. Одан қандай қиыншылықтарға болса да көне білетін, жеңе білетін шын патриотты көресің. Артист Г. Завалов Кошевойдың алғашқы кезінен, оның ер жүрек ұйымдастырушы дәрежесіне дейін көтерілген өмірін дұрыс көрсете білді. Әсіресе, Кошевойдың ұлы отанға берген атын, түрмеде жатқандағы тамаша жалынды сөздерін үлкен шеберлікпен орындады. Бір алған бетінен қайтпайтын, от жалынды жастың ішкі жан дүниесіне беріліп, Олег Кошевойдың жарқын бейнесін жасады.

«Жас гвардиядағы» өзінің ерлігімен, еңгілігімен, кейде көңілді балалық мінездерімен ерекше көзге түсетін рольдің бірі — Сергей Тюленин. Сергей жас болса да отан алдындағы бұрышын түсіне білген, күрес жолында шыңдалып өскен жас. Бұл рольде ойнаған Н. Фаюткин Сергейдің осы қасиеттерін сақтай отырып, дұрыс алып шықты. Сергейдің жақсы көретін достарының бірі — Люба Шевцова. Ол соғыстан бұрын артистік өнермен шұғылданған, білімді, көңілді жас қыз. Ол жауға қарсы күрестерде қорықпайтын, саналы, отанына шексіз берілген жастың бейнесі. Артистка А. Шибанова Любаның сүйкімді балалық мінезімен қатар күрес жолындағы іс әрекеттерінің шын мағанасында ұштастыра білген.

«Жас гвардия» романы бойынша жазылған бұл пьесаның өн бойы өлімді жеңген өмірді бейнелейді. Бұл біздің осы күнгі өміріміз үшін, осы сықылды тамаша патриоттықты, жақсы оқып, жақсы тұрмыста болуымыз үшін ұлы отан соғысында қан төккен бауырларымыз жайындағы, елдік пен ерлік жайындағы дастан. Жас гвардияшылардың қаһармандық істері бізді өз ісіне сене білушілікке, қиыншылықтардан қорықпайтын ер жүректілікке, қандайда болса көдергілерді жеңуге үйретеді.

Жас дос! Сен «Жас гвардия» романын оқып шық. Болашақ өміріміздің қожасы сен үшін, бұл кітаптың пайдасы зор. Сен одан өзіңнің жас жаныңа Отанды, халқымызды сүйудің нәрін аласың. Краснодар қаласында болған жас гвардияшылардың ісі сенің өміріңе үлгі бола бермек. Олардың есімін әр уақытта есінде сақта! Олардың сен үшін, сенің бақытың үшін қаза тапқанын ұмытпа!



Сейтжан ОМАРОВ

Бір актілі пьеса

Қатысушылар:

Таңатар — колхоздың бақшашысы, Қарлығаш — оның әйелі, Асылжан — оның баласы, Агафонцев — майор, Рахила — мұғалима, Қанат, Марат, Жанар — пионерлер, Асылжанның достары.

Колхоздың жеміс бағы, бақшаның төр жағында миуалы ағаш арасынан Таңатардың шағын кірпіш үйінің терезелері көрінеді. Жасыл жапырақты шыршадан жасалған қос Қостың оң жақ бүйірінде Асылжан үлкен ақ палатного сурет салып отыр. Қостың сол жақ босағасында Қарлығаш гимнастеркеге ақ жаға тігіп отырады.

Асылжан (Майлы бояулардың бірін іріктеп алып, суретке қарап сәл ойланyp). Қасы... көзі... буырыл тартқан сақалы, өкемнің айнымаған дәл өзі. Қарандышы деймін, апа, қатып шықты.

Қарлығаш. Тұра тұршы, күнім. Мына жағанды тігіп берейін.

Асылжан. Апа деймін, келші енді.

Қарлығаш. Қазір, қалқам... Міне, болдым.

Асылжан (Қарлығаштың қасына келіп көріп). Ойбай, апа-ау, теріс тігіп қойыпсыз ғой.

Қарлығаш. Қай жерін?

Асылжан. Апа-ау, бұл ішінен тігілетін жаға ғой.

Қарлығаш. Қайдам, әскер киімін кім тігіп көріпті.

Асылжан (Көрсетіп). Міне, былай әдемі етіп қайып тігесіз де дәл мына жерден бітіресіз. Әкеліңіші, Иненізді сабақтап берейін, (инесін тез сабақтап береді).

Қарлығаш. Ақылдыңнан айналайы-ау сенің. Қайып тігейін ендеше. (Сөгіп алып қайта тіге бастайды).

Асылжан. Сөйтінсіз. (Асылжан суреттің қасына барып, ақырын ән сала бастайды).

«Тудым мен ішінде асау толқындардың,

Толқынмен құшақтасып өтім бірге...»

(Сырттан Марат, Жанар, Қанат келеді).

Марат. Тісс... Тоқтай қалыңдар. Ойың бекер бөлік — ау, ә?

Қанат. Немене, баратын уақытымыз болған жоқ па?

Марат. Болғанда қандай. Сурет салып жатқаның білмедік қой.

Асылжан (Жалт бұрылып). Ә, келіндер, достарым!

Марат. Сенің көңіліңді бөліп жіберген жоқпыз ба?

Асылжан. Қарандар! Көріңдер, сынаңдаршы.

Жанар (Суретке қызыға үніліп). Аумаған атамның өзі болған да қойған.

Қанат. Сәл көзі келіңкіремейді. Атамның көзі өгір ғой. Бір көздің өзін үш жыл іздеген қай суретші еді? Оны мен кітаптан оқығам.

Марат. Мен де естіп едім. Айтып жіберші, аты кім еді?

Асылжан (Аз ойланyp). Ол ма-ол орыстың атақты суретшісі Суриков болатын. Ол «Боярина Морозова» деген картинасын салып боп. Морозованың көзін көріп іздепті.

Марат. Әр суретшінің өзінше ерекшелігі бар. Сен оны білесің ғой, Асылжан?

Асылжан. Мысалы?

Марат. Мысалы, Айвазовский табиғаттың көрінісін жақсы салды. Репин, Левитан адамның ішкі ой-сезіміне қатты көңіл бөлді. Сен де солардай болсаң, ә?

Асылжан. Я, олардан үйрену үшін, асықпау керек.

Марат. Әрине, асықпаған жөн. Ал, Асылжан, біз әдейі саған келдік. Қазір пионер отряды майданда қаза тапқан жауынгерлердің үй іштеріне көмектесуге баратын еді. Олар бізді күтіп отыр. Жүр, тез барайық.

Асылжан. Тосып отырса, қазір барайық.

Қарлығаш. Күнтайым — ау, күрте көйлегіңді кимейсің бе?

Асылжан. Жағасын тігіп болсаңыз, кнейін. (Кіріп көреді, пионерлер үнсіз қарап тұрады).

Қарлығаш. Тал шыбықтай бұралған бойыңнан айналым. Денені шапшақ, тіпті құйып қойғандай. (Айнала көріп). Айттым ғой, жарасып тұрғаның қарашы!

Марат. Шеше-ау, өзіңіз тіпті шеберсіз ғой.

Қарлығаш. Жас кезімде келістіріп кесте де тігетін ем. Не керек, жас келіп қалды ғой.

Асылжан. Апа, біз жауынгерлердің үй іштеріне көмектесеміз де қайтамыз.

Қарлығаш. Барыңдар, қарақтарым. Әсіресе, Қантай өженің бақшасын арам шөптеп тазартып беріңдер. Қарт адам ғой, батасып аларсыңдар!

Асылжан. Береміз, апа. (Суретті алып). Мен мынаны күн тимейтін көлеңкеге қояйын. (Қостың көлеңкесіне апарып қояды). Ал, кеттік.

Қарлығаш. Асылтай, жұмыстан кейін балалармен ойнап жүріп алма, әкең іздеп жүрер.

Асылжан. Әкем іздесе, кешікпей келеді деңіз. (Төртеуі қол ұстасып шығып кетеді).

Осы кезде үстінде әскери киім, қолында полевой сүмкасы, кеудесінде бес-алты орден мен медальдардың белгісі бар майор Агафонцев келе

Жатады. Кетіп бара жатқан Асылжанды көз шы-  
лып қап, құмартқан пішінде артынан қарап тұра-  
ды. Қарлығаш оны байқамайды.

Қарлығаш (Асылжанлардың артынан сүйсіне қарап).  
Айналып кетейіндер, «Басы қараның бары игі» деген  
осы да. (Пионерлердің көңілді дауысы алыстан естіледі).

Агафонцев (Қарлығаштың қасына келіп). Сәламатсыз  
ба, шеше? (Қолын алады).

Қарлығаш (Таңырқап). Шүкір..., Танымалым, балам,  
жол болсын.

Агафонцев. Командировкеге келген уәкіл едім, ше-  
ше. Таңатар қарттың өсірген бау-бақшасы осы болар?

Қарлығаш. Я, осы.

Агафонцев. О кісінің өзі қайда?

Қарлығаш. Емпе ағаштарын күтіп жүр. Жеміс аға-  
шы дегеннің өзі шетін зат қой, шырағым..., Зиянды  
жәндіктерден, індеттен сақтамасаң еңбегің еш бола-  
ды. Жайша ма еді, шырағым? Жұмысыңыз болса ша-  
қырайын.

Агафонцев. Кейін шақырарсыз, (Суретке тандана  
қарап). Портрет... Әлі пісіп, қатпаған жас буынның ең-  
бегі тәрізді. (Қарлығашқа). Мұны салып жатқан кім,  
шеше?

Қарлығаш. Менің Асылжан дейтін балам, шырағым.

Агафонцев (Сабырлы пішінмен). Сіздің балаңыз су-  
рет сала ма?

Қарлығаш. Неге таңырқадыңыз?

Агафонцев (Күбірлеп сөйлеп). Сіздің балаңыз... (Аз  
кідіріп). Я, сіздің балаңызды сырттап естуім бар еді.  
Аты кім делініз?

Қарлығаш (Сәл ойлап). Аты Асылжан. Оны неге  
сұрадыңыз?

Агафонцев (Қырын қарап). Асылжан..., Тауып қой-  
ылған. (Қарлығашқа). Балаңыз суретті қашаннан бері  
салады, шеше?

Қарлығаш. Қашаннан бері дегеніңіз қалай?

Агафонцев. Бұрын сала ма екен, жоқ, Сіздің қолы-  
ңызға келгеннен бері ме дегенім ғой?

Қарлығаш. Жарқным-ау, өзіңіз бәрін де біліп  
түрсіз. Жәніңізді айтыңызшы, кім боласыз?

Агафонцев. Бөтен ойға жорымаңыз, шеше. Баланыз-  
дың келешекте кім болатыны мына салған суретінің  
өзінен-ақ көрініп тұр..., Бақытты екенсіз. Жарайды,  
жүр талап, жақсы өнерге тәрбиеленсіздер.

Қарлығаш (Жылы ұшырап). Қайдам, шырағым. Жақ-  
сыда жаттық жоқ қой. Баламның жасап жатқан су-  
ретін көріп сүйсіндіңіз. Шынымды айтайын, қаршада-  
йынан қолыма келді. Әкесі, жалмауыз неміске қар-  
сы соғысқа кеткен екен. Шешесі дәрігер болса керек,  
әлі-тірісін білмейміз. Ел басына күн туып, етікпенен  
су кешкен заман болды ғой. Екі көз қарақаттай мөл-  
діреген, тымшындаған бір бала көп баланың ішінен көзі-  
мізге ыстық көрінді. Бұ да біреудің маңдайындағы  
жұлдызы шығар, бауырымызға салып қызығын көрейік,  
деп қолымызға алдық. Шырағым, содан бері аттай алты  
жыл өтті. Соғыс болса бітті. Әкесі іздеп келер деп  
шалым көп күтті. Әлі күнге дейін хабар-ошар жоқ.  
Сөйтіп, жалғыз қарғаны құақыш көріп отырған жайы-  
мыз бар, шырағым!

Агафонцев (көңіл босап). Әкесі мен шешесі біле-  
ме?

Қарлығаш. Неге білмесің. Бізге айтпаса да дос ба-  
лаларына «лапам менің ияженер еді, мұнда екенімді  
білсе, іздеп келер еді-ау.» — деп айтатын көрінеді.

Агафонцев (Өзіне). Әлі ұмытпапты. Іздеп келсе қая-  
са, әкесін таңыр ма еді?

Қарлығаш. Әкем-ау, өзіңіз іздеп келіп тұрған жоқ-  
шысыз?

Агафонцев. Жоқ, шеше. Егер іздеп келсе де, оңай-  
лықпен балаңызды бере қоймассыз, сіре.

Қарлығаш. Я, я өзіңіз сондай болсаңыз қайтер еді-  
ңіз?

Агафонцев. Қыйын, әрине.

Қарлығаш. Шалым айтады: «Кемпірім, дейді, —тағ  
өмішегінді жібіткендей болып еді. Бір күні әкесі салып  
отырып жетіп келсе не дейсің?» — дейді. «Рас-ау,  
келсе, не деймін?» деп күнде бір ойлап қоям. Көңіл  
шіркін соны біреудің баласы деуге де қыймайды.

(Бір топ гүл құшақтап Таңатар келеді).

Таңатар. Кемпірім, мына гүлдерді қосқа анарын қой-  
шы.

Қарлығаш (Гүлді алып). Мына кісі, сенің өсірген бау-  
бақшаңды көремін деп келіпті.

Таңатар (Агафонцевқа жақындап). Амансыз ба, інім?

Агафонцев. Қуатты боларсыз, қария.

Таңатар. Қай баласың?

Агафонцев. Облыстан келіп ем. Обком секретары  
сіздің еңбегіңізбен таныса кел, үлгілі бақшашы қар-  
тымыз еді деп, әдейі тапсырын еді.

Таңатар. Обком інім, бақшашы қартына жылда бір  
келіп кететін еді. Таныссаң, бау-бақшамыз осы.

Агафонцев. Бақшанызда жемістің қандай түрлері  
бар?

Таңатар. Қандай түрлерін сұрайсың?

Агафонцев. Алмадан басқа не өседі?

Таңатар. Жеміс жетіс түрге бөлінеді дейді, балам.  
Ерінбей еңбек етсең, өспейтін жеміс болмайды. Тек  
бабын таба біл. Жүр, шырағым, өрік, жүзім, қарақат-  
таң бастап апортына да дейін көрсетейін.

Агафонцев. Шынымды айтайын, жеміс жайын аз бі-  
летін ем, қария.

Таңатар. Аз білсең, білгенімді мен айтайын. Мұнда  
алма ағашының он сегіз түрі бар. Өткен жылы обком  
інім келгенде, Қарағанды мен Балхашқа бірнеше  
жүз түп алма ағашын берейін деп уәде етіп ем. Ол  
уәдемді орындадым. Мына кемпірімізбен өкеуіміз бес  
жүз түп алма ағашын жібердік. Е. де... Атаңның енді  
бір ойы бар..

Агафонцев. Ол қандай ой, қария?

Таңатар. Тыңда, інім, ол ойымды да айтайын. (Су-  
реттің қасына алып келеді). Әуелі менің баламның  
өнерін көр. «Асыл тастаң, өнер жастан» демей ме,  
мынау менің жалғызымның салып жатқан суреті. Ай-  
тыңызшы, осы гүлден адамның бейнесін салуға бола-  
ма?

Агафонцев. Гүлден деймісіз?

Қарлығаш. Қайдағыны айтып, келсек кісінің маза-  
сын алатын әдеті мұның.

Таңатар. Кемпірім, қоя тұр. Сен не білесің? Айта  
бер, балам.

Агафонцев (Ойлап). Гүлден... қыйын тілек қария.

Таңатар. Гүлден дейтінім: гүл дүниедегі бар сүйіс-  
пеншіліктің әсем бейнесі ғой. (Бау-бақшаға айнала  
қарап). Мынау шешек атып, құлпырап тұрған алма  
бағында мен сықылды колхозшылардың еңбегімен  
өскен жемістің неше түрлері бар. Бізге осынау бақ-  
ша мен гүлдерден де көркем өмір жасап берген ұлы  
адам бар емес пе?

Агафонцев (Сүйсініп). Армағыңыз қандай зор еді,  
қария. Суретті кімге жасатпақ ойыңыз бар?



Таңатар. Баламыз бен екеуіміздің қолымыздан келеді ғой деймін.

Агафонцев. Балаңыз тым жас емес пе, ауыр тиіп жүрмесе?

Таңатар. Ауыр тисе, гүлдің тілін білетін мен бар. Менің баламды әлі көрмеген боларсыз. Жас та болса, талабы таудай, шырағым. «Әке,—дейді,— лағыл маржан, меруерттен де адамның бейнесін салуға болады», — дейді. Әуелі гүлден жасап көрейік, сонан кейін оны да көре қатармыз» деймін. (Қарлығашқа). Обком ініме менің арманымды айта барсын, түлімізді көрсетейік, мына балаға. (Кемпірмен екеуі костың ішіне кіреді).

Агафонцев. Не деген мейірімді жандар? Кім екенімді әзірше білдірмейін. Алдына қойған таудай талабына жүрегі сай, инабатты адам екен. (Қыйналып). Не деймін бұларға тосыннан. Бала менікі еді, алып қайтайын деп іздеп келдім десем, қыйналатын түрі бар. Бермеймін деп кемпірі айтып та салды. Жоқ шыдау керек. Шыладым. Тек, тірі екенімді құлыншағымға білдіріп кетейін. (Дереу бояудың бірін ала салып, қосқа сүйеулі тұрған суреттің астына: «Аркадий, мен сені іздеп келдім. Папаң майор Агафонцев» деп жазды. Қостан Таңатар мен Қарлығаш бір топ гүлді алып шығады).

Таңатар. Мінеки, інім. (Агафонцев гүлге үңіліп көрс бастайды). Талантанса, қолдан келмес іс бола ма тәйір?

Қарлығаш (Таңатарға). Өзеуремей тұра тұрсайшы, өзі айтсында.

Агафонцев. Балаңыздың өнеріне, сіздің өршіл ойыңызға көзім жетті. Гүлден көсемнің бейнесін жасауға әбден болады, қария.

Таңатар. Бәсе, ал енді, інім, менің сөзімді тыңда. Бала деген адамның бауыр еті ғой. Көзінің ағы мен қарасындай баласының өнер-білім иесі болғанын кім жөк көреді дейсің. Баламызбен екеуіміздің талабымыздың көлемі тым мол жатыр. Алда-жалда қолдарыңнан келмейтін іс екен десен оныңды айт, шырағым. Тәңті болайың төрелігіңе.

Агафонцев. Талант пен талап екеуі бір нәрсе, қария. Таудай талабың болмаса, теңіздей шалқыған талантыңнан не пайда. Балаңыздың талантына сіздің таудай талабыңыз қосылған соң орындамайтын несі бар!

Таңатар. Міне, міне, менің ойымның дәл үстінен түстің. Жүр, інім, енді жамаң ағандың бау-бақшасын аралап көр.

Қарлығаш. Шал-ау, қуыс үйден құр кете ме мына бала, дәм татсын да, Желпілдемей тұра тұршы!

Агафонцев. Оқасы жоқ, шеше, мен әлі мұнда болмын.

Таңатар (Қарлығашқа). Асылжан келсе кетіп қалма-сыншы. Мынау інім мен ауыз екі сөйлесіп жасап жатқан суреттерін көрсетсін.

Қарлығаш. Сылдырамай тұра тұр деймін. (Агафонцевқа.) Келесіз ғой?

Агафонцев. Келем, шеше. (Таңатар мен Агафонцев бақшаны аралауға кетеді. Сыртта пионерлердің әні естіледі. Қарлығаш елегінің қарайды).

Қарлығаш. Асылжандар ғой келе жатқан. (Өзіне). Таныр ма екен деді ау, ә? Неге айтты? Іздеп келген әкесі боп құлынымды қолымнан алып кетсе сұмдық

ау, онда не істедім? Зарықтың дегі ол тұрса, Бермеймін деп мен тұрсам, төрелігін кім айтар.

Асылжан (Сыртта). Бүгінгі ісіміз осымен аяқталсын. Ертең ерте мектепке жыйналайық.

Пионерлер (Бір дауыспен). Құп болады, ертең ерте мектепке...

Балалар өңдетіп, ойнап күліп кетіп бара жатады. Асылжан, Марат, Қанат, Жанар келеді.

Қарлығаш. Не бітіріп қайттыңдар, қарақтарым?

Асылжан (еркелеп). Апа-ау, көп жұмыс істедік.

Марат. Үш үйдің огородының арам шөбін отап шықтық.

Қарлығаш. (Қанатқа қарап). Құртақандай боп мынау да барды ма?

Жанар. Біз Қанат екеуіміз отаған арам шөптерді бар ғой, шеше, бақшаның жиегіне құшақтап шығарып тұрдық.

Қанат. Я, мен шелектеп су құйдым.

Қарлығаш. Күнім, мен үй жаққа барып келейін. (Қарлығаш көтеді).

Жанар (Суреттің астындағы жазуды көріп, таңырқап). Асылжан деймін сенің бар ғой... сенің, я...

Асылжан. Немене, сенің, сенің деп тұрғаның?

Жанар (Аптығып). Я, сенің бар ғой... па-паң тірі екен.

Асылжан (Есі кетіп Жанардың бетіне тесіле қарап). менің папам... Оны саған кім айтты?!

Марат. (О да Жанардың бетіне таңдана қарап). Түс көріп тұрсың ба, өзін?

Жанар. Түсім емес, өңімде. Әнеки, көз алдымда. (Суреттің астындағы жазуға үңіліп, дауысы дірілде-оқып бастайды.) «Аркадий, мен сені іздеп келдім. Папаң майор Агафонцев».

Асылжан. Жанар сен не деп тұрсың. Қайда? Қаша?

Жанар. Сенің салып жатқан суреттің астына жазып кетіпті. (Үшеуі суретке үңіледі).

Асылжан (Ұмтыла түсіп, аз кідіріп). Менің папам... (Жыламсырап). Жазған бояуы да әлі кеппеген... Не деп ойлайсың, Марат?

Марат. Не деп ойлайың. Папаң біз жоқта іздеп келген де жазып кеткен. Сол.

Жанар. Я, мен білсем, мен білсем бар ғой, атама білдірмейін деп жазған да тайып тұрған...

Асылжан (Тағы да жазуға үңіліп). Аркадий, сені іздеп келдім дейді. Әлде біреулер ойнап жазып жүрмесе?

Жанар. Түү, Асылжан, өзін қызық екенсің солай ойнауға бола ма?

Жанар. Жоқ, жоқ, өз папаңнан басқа кісі бұлай деп жазбайды.

Асылжан (Қуанып). Енді не істейміз?

Марат. Не істегені қалай?

Асылжан. Жоқ, мен түсінбеймін... Әкем мен апама қалай білдіреміз.

Жанар. Несі бар, айтамыз.

Марат. Я, деймін-ау, папаңнан беземісін, айтамыз.

Асылжан. Жоқ. Тіпті батылым бармайды. Қыйың. Марат, қыйың. Әкем мен апам жылайды ғой... Әне, апамның өзі де келе жатыр. Ол туралы ауыздарыңды ашпаңдар. Келген кім екен. Әуелі анығын біліп алайық. (Қарлығаш келеді).

Қарлығаш. Күнтайларым-ау, ас ішіп, бір мезгіл дамылдасандаршы.

Асылжан. Апа?!

Қарлығаш. Не, жаным?

Асылжан (даусы дірілдеп). Апа, біреу келген бе, осында?

**Қарлығаш.** Бір әскер жігіт келді, Облыстан келген уәкіл едім дейді. Әкең екеуі жаңа бақша аралап кетті. Әлі кетпеймін, осында боламын деді. Әкең оған гүлден сурет салудың жайын сұрады. Сенің салып жатқан суретінді көріп, балаңыз не деген өнерпаз еді деп таң қалды.

**Марат.** Таң қалды?

**Қарлығаш.** Аузын ашып, көзің жұмды.

**Асылжан.** Әкем не деді?

**Қарлығаш.** Сенің әкеңнен сөз қала ма? Ойыңдағысын лақ еткізіп ақтара салды.

**Асылжан.** Гүлден Сталин атамның портретін жасаймыз деп те айтты ма?

**Қарлығаш.** Бәрін де айтты.

**Асылжан.** О кісі, не деді?

**Қарлығаш.** Байсалды, әрі ден ойлайтын адам көрмеді. «Талабыңыз орынды, арманыңыз зор екен, қайырлы болсын», деді.

**Асылжан (Ойлы түрде).** Ім... Түсінікті.

**Қарлығаш.** О кісіні...

**Асылжан (Жалтарып).** Я, апа, менің салған суретімді айтам. О кісі мұнда қайтып келем деді ме?

**Қарлығаш.** Осында, балам, кетпеймін деді.

**Марат.** Мен жүгіріп барып шақырып келсем қайтеді?

**Жанар.** Мен де барайын.

**Асылжан.** Жок, шақырмандар. Өзі де келер. (Таңатар келеді).

**Қарлығаш.** Шұнақ-ау, жанары кісін қайда?

**Таңатар.** Тағы да бір оралып соғамын деді.

**Қарлығаш (Ойланып).** Е, соғам десе, сол болды.

**Таңатар.** Немене сол. (Қарлығаш үндемейді). Асылтай, менің ойымды, жаңағы облыстан келген жігіт те қуаттады. Асқан білімпаз кісі көрінеді. Бері келші өзін...

**Қарлығаш.** Келемін десе, айттым ғой сол деп.

**Таңатар.** Тырс етпе, кемпірім. Несі бар, келем десе келсін... Асылжанның өнерін көрсін. Оған несіне қыйналдың.

**Қарлығаш.** Қыйналмағанда, (шалға сыбырлап) ойбой-ау, сен шұнақ, түк те сезген жоқсың.

**Таңатар.** Жә-жә, өзі бірдемені сезіп тұрғандай, әй сен неге өжірейесің?

**Қарлығаш (Зілмен).** Я, суреттен басқа не ермегің қалды. (Қимешегінің алқымымен бетін көлегейлей береді).

**Асылжан.** Апа, жылап тұрсын ғой.

**Қарлығаш (Білдірмей).** Жоқ, жоқ күнім. Мына әуре сарсаң әкенді айтамын-ау.

**Асылжан.** Әуре ететін кім, апа? Әке айтыңызшы, ол кісі суреттен басқа не айтты?

**Таңатар.** Түк те айтқан жоқ. Қой, жаным, оны ойыннан шығар. Атаңның арманын орында.

**Асылжан.** Менен жасырып тұрсыз, әке. (Теріс айналады).

**Таңатар (Кемпіріне).** Немене, сен бірдемені қондырсың-ау ғой.

**Асылжан.** Апамды қыйнамаңызшы, әке, арманыңыздың орындалғанына айғақ, осы еңбек болатын болсын. (Жүгіріп барып бояуларды алады.) Мінеки, (Қолы сынылдап, керулі тұрған зонтты сыза бастайды).

**Марат (Жанарға).** Бері кел, босқа тұрмай біз де көмектесейік.

**Таңатар (Өзіне).** Осы тілегім көңілдегідей орындалса, дүниеден армансыз-ақ өтер ем...

Аз үйіліс, Шам сөнеді. Арада бір ай уақыт

өткен. Егін жайыту маусымы басталған кез. Сол жер. Гүлден әшекейлеп жасаған Сталин жолдастың портреті әлі бітпеген күйінде костым маңдайында ілулі тұр. Сыртта «Пионерлер жырын» жырлап пионерлер келе жатады.

Қолдарында бір-бір шумақ гүлдері бар Асылжан, Жанар, Марат сахнаға шығады.

**Асылжан.** Қырмызысын бір бөлек алындар.

**Марат.** Түр — түріне бөлейік пе?

**Асылжан.** Я, бөліңдер. Бүгінгі жыйнағанымыздың ішінде күрең-қызылы болса, бері тастандар.

**Жанар.** Күрең-қызылы мінеки.

**Асылжан (Көтеріле сөйлеп).** Әйбәт боп шығалы. Сонда әкем маған сыйлық береді. Тіпті, қой сойып той жасаймын, маған әдемі костюм әперем деген. (Портретке қарап). Алақай, тамаша боп шыққалы тұр.

**Жанар.** Атам бар ғой, жүзден аса гүлдің атын біледі екен.

**Марат.** Бау-бақша жөнінде атамның білгенін білсем, басым қазандай боп көтер еді-ау, ә?

**Асылжан.** О кісі, жемістердің де неше атасын біледі. Бізге ондай болу қайда әлі. Қане, тағы да бір түрінен беріндерші. (Екеуі гүлдерлі беріп тұрады. Асылжан түр-түрмен торлай бастайды). Көп қалған жоқ, әкем келгенше бітіреміз.

**Марат.** Көп қалған жоғын не, біткен жоқ па?

**Жанар (Қуанып).** Кеулесіндегі Жеміс орденін әлемілеп жасасан болғаны. Оны ал-қызыл, ақ гүлдермен араластырып өрнекте, жарай ма?

**Асылжан (Насаттанып).** Қарашы деймін ажарынан нұр төгіліп тұрған жоқ па? Қасы менен қабағы қандай жақсы шықты.

Рахила, Агафонцев, Қарлығаш үшеуі сөйлесіп келе жатады.

**Қарлығаш.** Асылтайым дидактасып, сөйлесе алмай қалды-ау деп көп ойладым. «Апа,-дейді,—о кісі қайда, неге келмейді?» — деп күнде бір сұрап қояды. Асылтай, ағана сәлем бер. (Асылжан, Марат, Жанар қатар тізіліп тұра қап, Агафонцевқа салют беріп амандасады. Агафонцев олардың сәлемін әскери тәртіппен қабылдайды).

**Агафонцев (Асылжанға ұмтыла түсіп тоқтай қалады да портретке қарайды).** Ұлы сүйіспеншіліктің тамаша бейнесі ғой бұл портрет. (Асылжанға жақынтай түсіп.) Сені осы өнерге баулыған ел-жұртына, сүйікті әкеңе зор алғыс айтуға тұра келеді. Жігіт екенсің. Таңатаров Асылжан! (Ұмтылып барып Асылжанлы көтеріп алып, маңдайынан құшырлана сүйеді де, құшақтап, кеулесіне қысып, қайтадан жерге түсіреді).

**Асылжан (Ыңғайсызданып).** Сіз кім боласыз, жолдас майор?

**Рахила (Асылжанның сөзін бөліп).** Бұл кісі, облыстан келген уәкіл. Анада сені іздеп жолыға алмай кеткен болатын. Ә, қарттың өзі де келе жатыр екен. (Таңатар келеді).

**Таңатар.** Амансындар ма, балалар? Уәкіл жігіт-ау, мұның қалай, сүйте ме екен?

**Агафонцев.** Кешірсіз, қария. Облысқа барып оралғанша сол болды.

**Таңатар.** Осында сізді бір көрініп жоқ боп кеткені несі деп, кемпіріміз бен екеуіміз қатты ренжіп қалдық. Асылтайым әкесінің тілегін орындап та болды, көріңіз.

**Агафонцев.** Көрдім, қария. Ғажап сұлу жасалған.

**Рахила.** Ата, обком секретарі Ержаңовтың сізге берген хаты бар екен. (Хатты береді).



Таңатар (Хатты алып). Асылтай, оқып жіберші. (Асылжан хатты алып ішінен күбірлеп оқиды да өңі қуарып Агафонцев, Таңатар, Қарлығаштардың бетіне кезек қарайды. Хат қолынан түсіп кетеді).

Таратар (Рахилаға). Қызым-ау, мына қатазда не пәле бар еді? Өзің оқып берші!

Рахила (Хатты алып). Ата, кешіресіз... Мүмкін, сізге ауыр тиер. (Оқиды. Бәрі зейін салып тыңдайды).

«Арлақты Таңатар аға! Сіз жеміс өсірген атақты бақшаны едіңіз. Сіздің желге, күнге тигізбей мәпелеп өсірген миуалы жемістеріңіздей, құлпырып өсіп келе жатқан бір жеткіншек отыр қолыңызда. Кешегі Улы Отан соғысының тұсында, Ленин қаласын жау қамап, ел басына ауыртпалық түскен кезде біздің Қазақстанға майдандағы жауынгерлердің балалары келіп еді. Солардың бірін сіз қолыңызға алып, тәрбиелеп өсірдіңіз. Оныңызға партия мен үкмет көп алғыс айтады. Соғыс бітті, бейбітшілік заман қайта орнады. Отанымызды зұлым жаудан қорғауда асқан ерлік көрсеткен дақты офицерлердің бірі майор Агафонцев сонау Ленинградтан өз баласын іздеп келіп отыр. Бір үйлі жаннан қалған жалғыз көрінеді, ренжітпей баласын өзіне беруіңізді сұраймын...»

Таңатар (Аз үндемей тұрады да, кенет жайрандап). Тү, қолыңды әкел, қарағым. Анада келгенде неге айтпай кеттің? Сөйте ме екен? Мен Таңатар болайын да, сен, Асылжанның туған әкесі бол. Сөйте тұра, бір-бірімізден сыр білкеніміз қалай? (Агафонцевқа ұмтылып) Әуелі орыстың кен құшағымен құшақтасып сүйісіп, сонансоң қазақша төс таясайық. (Екеуі үнсіз құшақтасып сүйеседі де, сонан кейін төс таясады).

Қарлығаш. Бәсе, сөзің едім-ау. Бетім-ау, енді қайттым.

Таңатар. Қайткені несі? Асылтай, папана бетіңнен сүйгіз, жаным.

Асылжан (Қарлығаш пен Таңатарға кезек қарап қыйпақтап тұрады да, ұмтылып кеп Агафонцевтің құшағына оралады). Папа... менің папам!

Агафонцев. Я, жаным, мен сенің папамын.

Марат. Айтып едім ғой, анада суреттің астына жазып кеткен осы кісі деп.

Таңатар. Қайдағы суреттің астына?

Агафонцев. Дұрыс айтады бұл бала. Бірден білдірмейін, жүректеріне жара салмайын, ең әуелі бала не дер екен деп аты-жөнімді суреттің астына жазып кеткем.

Қарлығаш. Асылтайым, апаннан сен де жасырғаның ба?

Асылжан. Оны айтпаған кімә менде, апа (Еркелеп Қарлығаштың белінен құшақтайды).

Қарлығаш (Дауысы дірілдеп). Жамағатыңыз бар ма еді, шырағым?

Агафонцев (Ауыр күрсініп). Аркадийдің мамасы өзім майданда жүргенде, Ленинградты жау қамағанда, жаралы жауынгерлерді құтқарамын деп жүріп қаза тауыпты. (Асылжан толқып, төмен қарап көзіне жас алады).

Таңатар. Ал, інім! Ылайым, тілек үстіне тілек, қуаныш үстіне қуаныш бола берсін. Біз де, сен де арнамыз орындалған бір қуанышты шаттыққа қауышып тұрмыз, баланды асырадым сақтадым деп міндетсінем, бермеймін деп қыйқарлық істесем, оным пендешілік болар. Біз бүгін қолхоздың жаңа астығын тиіп қызыл керуен



жөнелтетін ек. Көсемге берген сертіміздің мүлтіксіз орындалғанын шаршы топ алдында көрсетпек ниетіміз бар еді. Улы жеңістің, айнымас достықтың ұйтқысы болған, елімізді тура бастап күн нұрындай жарқын болашаққа алып бара жатқан данышпан ұлы Сталиннің (гүлден жасалған портретті нұсқап.) осынау бейнесін қолымызға ұстап, сол көпті баламызбен екеуіміз бастамақшы ек. Ниетің дұрыс екен, деп келдің. Біздің бақытымыз бен қуанышымызға өз бақытың мен қуанышыңды қосқан сен баста сол қызыл керуенді. Бердім саған жолды!

Рахила. Ата, тауып кеттіңіз-ау. ((Агафонцевқа). Жүріңіз, ағай.

Агафонцев (Аз ойланyp). Я, ұлылық хасиет әр уақытта ұлы мақсатқа ұмтылдырады ғой. (Сталиннің портретіне қарап) Төрселің осы ұлы адам берсін. Сіздей тамаша бақшашының қолында өскен, өнер шыңына құлаш ұрған мына балада не арман бар? Сіз секілді ата, ақыл несі ана талқан, аяулы перзентіммен қауышып зор мәртебеге қолым жеткен менде не арман бар. Ризамын, қария. Асылжанның бұрынғы аты Аркадий еді, қос атына ылайық, қос әкесі бар. Еңдеше, оның аты бұдан былай Аркадий-Асылжан, фамилиясы Агафонцев-Таңатаров болсын.

Қарлығаш. Тел қозым... Айналайын.

Агафонцев. Я, тел қозы деп мен де айтар ем. Бұдан былайғы өміріне қариялар жалғыз мен емес, сіздер де кепіл болатын болдыңыздар. Солай ма, Асылжан?

Асылжан. Солай, папа! (Күлімсіреп бәріне алма-кезек қарайды. Марат, Жанар гүлден жасаған портретті алып Агафонцевтың қолына береді).

Марат. Жолдас майор, атам айтты ғой, сіз бастаңыз.

Агафонцев. Қария, бір жылғынан сіз ұстаңыз.

Портретті Таңатар мен Агафонцев екеуі екі жағынан ұстайды. Бұл кезде сыртта пионерлердің шырқарған әні естіледі. Асылжан, Марат, Жанар сол әнге қосылады. Таңатар мен Агафонцев алда, өзгелері соңында, сахнадан шыға береді.

Қарлығаш. (Арттарынан қарап). Жүрегім, жұлдызым, тек ұзағынан сүйіндірсін.

(Шымылдык)



## СИХОТЭ-АЛИН МЕТЕОРИТІ

1947 жылғы 12 февральда Қызыр шығыста адам баласының тарихында өте сирек кездесетін ғажап оқиға болды. Ол күні әуеден жерге өте үлкен метеорит түсті. Бұл метеориттің салмағы 1000 тонна шамасындай еді. Бұл бұдан көп жылдар бұрын өзінің орбитасында күнді айналып жүріп, сол күні, жерге түскен күні біздің планетіміз — жермен кел соқтығысады.

Қыстың ашық бұлтсыз жарқыраған күні, Қызыр шығыс халқы атмосферада ұшып келе жатқан метеоритті бірден көреді. Метеориттің құлауын өте таңқаларлық оқиға деп ойлауға болады. Ең алдымен аспанда жарық жұлдыз пайда болады, ол жерге қарай құлап келе жатқанда, оның жарықтығы мен көлемі үлкейе бастайды. Ол жерге 40 километр қалғанда, ол бірнеше бөлшектерге бөлінеді, кей біреулері бұрынғы бетімен аға береді, аспанда өзінің ізін қалдырып отырады. Аспанда сынып бөлшектелген метеориттер газ түрінде бұлтқа ұсап өзінен оттардың жалынын шашады.

Бұл қызық оқиғаның негізі мынада еді: Метеорит біздің атмосферамызға кел соғылғанда, екі арада күшті соқтығысу, күрес пайда болады. Жер атмосферасы бізді сансыз тасты және темірлі метеоритпен қорғап отырады. Метеориттердің ағымын сиректетіп, оларды бірнеше ұсақ бөлшектерге бөліп, бақытып жерге жеткізбей жандырып жібереді. Ал кейбір ірі, қатты метеориттер атмосфераға ырық бермей, оны қақ жарып көп жерге түседі. Міне, осындай метеориттің біреуі Сихотэ-Алиндегі метеорит еді. Ол атмосферада бастапқы көлемін жоғалтса да, оның бір үлкен бөлшегі Уссурия тайгасына түсіп, көп жерлерді ойып, бүлдіріп жіберді.

Метеорит дегеніміз не?

Метеорит дегеніміз пректің «метеорога» деген сөзінен шыққан, бізше жер үстіндегі және ауада кездесетін қатты зат, деген сөз. Бұл заттар дүние жүзінің кездігінде ағып жүреді де, жердің атмосферасына жеткен кезде, қысылудың нәтижесінде, «отқа» айналады. Метеорит екі түрге бөлінеді: темір түрінде-көпшілік бөлегі никельден тұрады. Екінші тасты метеорит.

Сихотэ-Алинге құлаған метеоритті және басқа құбылыстарды тексеру үшін ССР Одағының Ғылым Академиясы метеорит комитетін құрды. Оның басқарушысына Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті В. Г. Фесенковті белгіледі.

Метеорит түскеннен кейін 1,5 айдан соң 1 апрельде Владивостокке экспедиция барды.

Уссурия тайгасының метеорит түскен жері құлаған ағаштар, үйілген ұсақ тастар, тау боп жатқан саз балшық, шұңқырлар екен. Метеориттің түскен жерінде 100ден аса шұңқыр (ор) пайда болыпты. Ең үлкенінің көлемі 28 метрдей. Метеориттің үлкен бір бөлегінің



Қазақ ССР Ғылым Академиясының аспиранты А. А. Явнель Сихотэ-алин метеоритінің құрылысын тексеріп отыр.

жарылғандағы дауысы тұрғын халықтарға бомбандау дауысынан бірнеше күшті естілген көрінеді.

Метеорит түскен жерінің маңындағы жар, ағаштардың күлталақанын шығарып жіберген. Оның жарылғандағы шұңқырының маңына осколктері быт-шыт болып қаптап кеткен. Бірақ кейбір метеориттер жерді ойып кіре алмаған, жалғыз-ақ түскен орнына өзінің салмағымен таңба түсірген. Мұндай метеориттер бірнеше ондаған километр жерлерге шашырап кеткен. Оның себебі-жер атмосферасының қарсыласын оның құлау күшін азайтқандығынан еді.

Экспедицияның қызметкерлері метеориттің түскен жерінен 5 тонна шамасында бірнеше түрлі көлемдегі метеориттерді жыйнап, оларды Москва мен Алматыдағы Ғылым Академиясының химия лабораторияларына жіберді. Қазір олар ғылым жолмен тексерілуде. Алып келінген метеориттердің ғылым жөнінде ірі маңызы бар. Бұларды тексеру келешекте аспан әлеміндегі заттарды толық үйренуге мүмкіндік береді.

Н. Б. ДИВАРИ.

## С Ы Р Ғ А Н А Қ

Мезгіл жетті, қыс түсті,  
Жауды алғашқы күміс қар.  
Өкпек желмен өзәурей,  
Бет қарыйды зәрлі ызғар.

Бірақ қардан, суықтан  
Біз емес жасып ығатын.  
Батыр боп өскен ұланбыз,  
Шыннан шыңға шығатын.  
Тебеміз шаңғы, тебеміз,

Тас түлектей қомданып,  
Шынықсын, өссін декем'з,  
Құрыштай берік сомданып,  
Әліұр Мейірбеков,  
Алматы облысы,  
Нарынқол ауданы.



ШОТА РУСТАВЕЛИ

Шота Руставели грузин халқының ұлы ақыны. Ол, жер жүзіне әйгілі «Жолбарыс терісін жамылған батыр» деген көрнекті шығарманың авторы.

Шота Руставели 1187 жылы туған. Шота өз заманында ірі әлеумет қайраткері болып, Грузия мемлекетінің құрылуына көп еңбек сіңірелі. Бірақ өмірінің ақырында хандардан қуғын көріп, шет елге кетіп, сонда өледі.

Шота өзінің шығармаларында орта ғасырдың мейрімсіздігін қатты сынайды. Қоғам өміріндегі теңсіздікті көреді де, адам деген атты өте жоғары ұстайды. Достықты, адамгершілікті жыр етеді. Адамға «достық, махаббат, адалдық, ерлік өте хажет» деп уағыздайды.

Руставелиді және оның шығармаларын, сегіз ғасырға жуық уақыт өтсе де, халық ұмытпай есіне сақтап келеді. Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыры» тұңғыш рет 1712 жылы Тбилиси қаласында басылып шыққан. Содан бері отыз төрт рет қайта басылып, жұртқа тараған.



«Жолбарыс терісін жамылған батыр» орыс тіліне XIX ғасырда аударылған. Октябрь революциясы жеңгеннен кейін Советтер Одағындағы халықтардың көпшілігінің тілдеріне аударылды. Сондықтан оны барлық ұлт сүйіп оқыйды.

Біздің Социалистік Отанымыз өткендегі асыл мұраның әділ бағалаушысы, кіршік жуытпай таза сақтаушысы болып отыр. Совет халқы 1937 жылы Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуына арнап үлкен халықтық мереке өткізді.


Быймы 24 декабрьде Шота Руставелидің туғанына 760 жыл толды.

Оның құнды шығармасын да, өзін де заман озса да, халық мәңгі сүйіп есте сақтауда. «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді» деп халық бекер айтпаған. Шота Руставелидің аты ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа кете бермек.

ОЙЛАП ТАП

СЫЯҚЫРЛЫ ШЫРПЫ

Қол орамалды стол үстіне жай. Оның үстіне басқа бір бала шырпы тастасын. Соған кейін суретте көрсетілгендей етіп орамалды бүкте. Әлгі шырпы тастаған бала орамалдың сыртынан шырпыны уақтап сындырып. Орамалды қайтадан жазғанда, шырпы бүтін қалпында екенін көресің. Неліктен бұлай?



Өйткені орамал күн бұрын дайындалады. Оның бүккен жиегіне шырпы салынып қойылады. Ойын бастаушы бала орамалдың арасына салған шырпыны емес, бұрышындағы шырпыны сындыртады. Міне, сол себепті орамалдың ішіндегі шырпы бүтін қалады.

МАЗМУНЫ

Янка Купала — Конституция күні (өлең) . . . . .	Ж. Конақбаев — Әлдилейді інісін (өлең) . . . . .	12
Сталиндік конституция . . . . .	Ж. Молдағалиев — Ана мен бала (өлең) . . . . .	13
Ж. Ахметов — Алтын зақ (өлең) . . . . .	Біздің почта . . . . .	14
Халықтың қалаулы ұлы . . . . .	«Жас гвардия» . . . . .	17
С. Бегалин — Алғашқы сонарда (эпигіме) . . . . .	С. Омаров — Портрет (пьеса) . . . . .	18
Т. Жароков — Құрыш құюшы (поэма) . . . . .	Н. Б. Дивари — Сихотэ — Алин метеориты . . . . .	23
З. Қалауова — Жылқышының баласымын (өлең) . . . . .	Ә. Мейірбеков — Сырғанақ (Өлең) . . . . .	24
Қош келдіңіз, хұрметті қыс! . . . . .	Біздің календарь . . . . .	24
Пионер активіне көмек . . . . .	Ойлап тап . . . . .	"
Бесжылдықты — төрт жылда! . . . . .		

Мұқабаның 1-бетіндегі суретті жасаған Н. Лебедев.  
Мұқабаның 4-бетіндегі суретті жасаған В. Нестеров.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.  
Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73, Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 17.1.1948 г.

УГО3667

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3. Управления полиграфии и издательства при Совете Министров КазССР  
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 1013

462303

# Бесік әжыры

Сөзі Жамбылдікі.

Муз. Б. Байқадамовтікі.

*Andante*

Уйқ-та-сын деп бө-бе-гім, дом-бы-ра-ның  
қос ше-гім, Жам-был ба-баң қа-ға-ды қақ-қан сайын ө-ле-ні  
Бұ-лак-та-ын а-ға-ды Әй-әй бө-бе-гім әй-әй  
бө-бе-гім дом-бы-ра-ның қос ше-гім Жамбыл ба-баң қа-ға-ды.

Уйықтасың деп бөбегім,  
Домбыраның қос шегің,  
Жамбыл бабаң қағады,  
Қаққан сайын өлені  
Бұлақтайын арады.

Қайырмасы:

Әй-әй бөбегім,  
Әй-әй бөбегім,  
Сен бір артық көркемсің  
Биік асқар шың-күздан.

Көзің жарық жұлдыздан,  
Шашың жібек күндыздан,  
Қара көз сәби бөбегім  
Сен бір артық көркемсің,  
Биік асқар шың-күздан.  
(Қайырмасы).

Уйықта, бөбек жас қазақ,  
Бесігің балғын толған нұр,  
Көзіңді жұм, деміңді ал,  
Туған елдің туында  
Күзетте қызыл әскер тұр.  
(Қайырмасы).

# ШАЛАҒАЙ ШАҢҒЫШЫ



1. Жаттығудың нерегі жоқ.




2. Жүре аламын осылай-ақ.




3. Міне, жолда бір бұта тұр.



4. Жығлам-ау, соқтығып қал!



5. Ойбай, ұштым омаңа асып!



6. Қалды үстімді ақ қар басып

